

## Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 маусымдағы N 892 Қаулысы

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 28 қарашада ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы баяндаманы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына ж і б е р с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

## Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы БЯНДАМА Кіріспе

Осы баяндама Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (бұдан әрі - Пакт) 40-бабына сәйкес дайындалды.

Баяндаманы дайындауға Қазақстан Республикасының барлық мүдделі мемлекеттік органдары, соның ішінде:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия;

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің басқаруымен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия;

Орталық сайлау комиссиясы;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тартылды.

Үкіметтік емес Ұйымдардан баяндаманы дайындауға "Адам құқықтары үшін хартия"  
қоғамдық қоры, Адам құқықтары және заңдылықтың сақталуы жөніндегі Қазақстан  
халықаралық бюросы, Фридом Хаус Өкілдігі тартылды.

Халықаралық ұйымдардан Қазақстан Республикасындағы ЕҚЫҰ Орталығы  
т а р т ы л д ы .

Баяндамада осы Пактіде танылған құқықтардың өмірге енуі бойынша мемлекеттің  
қабылдаған және қабылданатын шаралары көрсетілді.

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының  
Заңымен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні  
р а т и ф и к а ц и я л а д ы .

Б а я н д а м а н ы ж а с а у ү ш і н :  
Қазақстан Республикасының заңнамасы,  
мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың материалдары мен  
а қ п а р а т ы ,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі  
ұлттық комиссияның шеңберіндегі 2006 жылғы 17 сәуірдегі халықаралық дөңгелек  
столдың қарарына сәйкес құрылған жұмыс тобы дайындаған Қазақстан  
Республикасындағы адам құқықтарымен байланысты ахуал туралы негізгі баяндама,

Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық  
пактіні орындау туралы Қазақстанның үкіметтік емес құқық қорғау Ұйымдарының  
а л д ы н а л а б а я н д а м а с ы ,

БҰҰ Даму Бағдарламасының тапсырысы бойынша тәуелсіз Қазақстан  
әлеуметтанушыларының қауымдастығы жүргізген "Қазақстандағы адам құқықтары:  
қоғамдық пікір" әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды.

## **Жалпы ережелер 1. Жалпы сипаттағы мәліметтер**

Қазақстан 2724,9 мың шаршы км аумақты алып жатыр.

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктер қатарына  
14 облыс, республикалық маңызы бар 2 қала, 160 аудан, 39 облыстық және 45 аудандық  
маңызы бар қала, қалалардағы 8 аудан, 161 кенттік және 2336 ауылдық әкімшіліктер,  
167 кент және 7262 ауылдық/селолық елді мекен кіреді.

Қазақстан Республикасы халқының саны 2007 жылғы 1 сәуірде жедел 15 437 607  
адамды құрайды, соның ішінде 8 148 566 (52,8 %) қала және 7 289 041 (47,2 %) ауыл  
тұрғындарын құрады. 2007 жылғы 1 қаңтардағы өсу санымен салыстырғанда жалпы  
ө с і м 4 0 7 0 0 а д а м д ы құ р а й д ы .

Осы кезеңде Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа, еліміздің барлық өңірлерінде халықтың өсуі байқалады. 2007 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы республика халқының ең көп өсімі 34 772 адамды құрайды.

2007 жылы азаматтық хал актілерін жазу органдарында 314631 туу тіркелген.

2007 жылы қайтыс болғандар саны 155172 актіні құрады.

15 жастағы және одан жоғары экономикалық тұрғыдан белсенді халық үлесі (8 421 350) адам, соның ішінде олардың (7862095) - жұмыспен қамтылған халық, ал 612 500 адам - жұмыссыздар, жұмыссыздық деңгейі - (6,6 %).

Жұмыспен қамтылған халық құрылымында жалданған жұмысшылар саны (4,9 млн.) адамға (барлық жұмыспен қамтылғанның (5,4 %), дербес жұмыспен қамтылғандар - 2,6 млн. адамға (34,6 %) жетті.

2006 жылмен салыстырғанда 2007 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсу қарқыны 108,5 % құрады. 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2008 жылдың қаңтарында тұтыну бағасының индексі 101,91 %, 2007 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 2008 жылғы қаңтарда 118,7 %, ал өнеркәсіптік өнімді өндіруші кәсіпорындардың бағасы 2007 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 2008 жылдың қаңтарында 0,1 %-ға төмендеді, 2007 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 2008 жылдың қаңтарында 31,7 %-ға артты.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша халықтың жан басына шаққанда орташа номиналды ақшалай табысы 2007 жылғы қаңтар-желтоқсанда 310153 теңгені құрады.

## **2. Саяси және құқықтық негіздер Қазақстан Республикасының Конституциясы**

Қолданыстағы Конституция - тәуелсіз Қазақстанның соңғы 15 жылдағы екінші Конституциясы. Алдыңғы Конституция 1993 жылғы 28 қаңтардан 1995 жылғы 30 тамыз аралығында қолданылды. 1993 жылға дейін Қазақстанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы қолданылды.

Қолданыстағы Конституция 1995 жылғы 30 тамызда референдумда қабылданған еді.

"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі - Конституция) бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, атап айтқанда:

мемлекеттің қоғамдық бірлестіктерді, соның ішінде саяси партияларды қаржыландыруына рұқсат етілді (бұрын заңмен тыйым салынған);

қамауға алу санкциясы сотқа берілді (бұрын бұл функцияны прокуратура органдары орындаған);

Ел Президентінің өкілеттік мерзімі жеті жылдан бес жылға азайды; өзінің міндеттерін орындау уақытында Президент саяси партиядағы өз мүшелігін тоқтата тұратындығы туралы конституциялық ереже алып тасталды;

Парламенттің төменгі (Мәжіліс) және жоғарғы (Сенат) палаталарында орындар с а н ы к ө б е й д і ;

Президент тағайындайтын Парламенттің жоғарғы (Сенат) палатасындағы д е п у т а т т а р с а н ы к ө б е й д і ;

Парламенттің төменгі Мәжіліс палатасындағы депутаттың императивтік мандаты енгізілді, соған байланысты Мәжіліс депутаты партиялық тізім бойынша өзі сайланған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған жағдайда немесе осы партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады;

жергілікті өкілді органдар - мәслихаттардың өкілеттік мерзімі ұзартылды.

Конституция адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді (Конституцияның II бөлімі). Конституцияны Президенттің ұсынысымен Парламент өзгертуі және толықтыруы мүмкін. Қазақстан Республикасының Конституциясына Республика Президентінің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін. Егер Президент оны Парламенттің қарауына беру қажет деп ұйғарса, Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы республикалық референдумға шығарылмайды. Мұндай жағдайда Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен қабылданады. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік даусымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілді деп есептеледі. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде <sup>1</sup> дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

---

<sup>1</sup> "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254 Заңымен Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес

## Президент

Қазақстанда президенттік басқару нысаны.

Қазақстан Республикасының Президентін "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. Алайда бұл ереже Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

Президент мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Парламент Палатасына сайлау тағайындайды; референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды; заңдарға, халықаралық шарттарға, ратификациялау грамоталарына қол қояды.

Президенттің заң шығару бастамасы құқығы бар.

Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын айқындайды; Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады, Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қызметке тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; Үкіметке заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсырады; Республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

Президент Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің төрағасын, Бас Прокурорын және ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;

Президент Конституциялық Кеңестің төрағасын және екі мүшесін тағайындайды.

Президент Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды.

Президент Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Президент Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып

табылады, ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді;

Президент Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады.

Президент республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді, азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады, мемлекеттік наградалармен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді және Қазақстан Республикасы Конституциясында анықталған өзге де өкілеттіктерді орындайды.

Президент Парламент қабылдаған заңдарға вето құқығына, Үкіметтің және атқарушы биліктің органдарының барлық нормативтік актілерін жою не тоқтата тұру құқығына ие, Қазақстан аумағында міндетті Жарлықтар және өкімдер, ал 1995 жылғы Конституцияда көзделген жағдайларда - заңдар және заң күші бар жарлықтар шығаруы мүмкін.

Президенттің басқа өкілеттігі "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңымен анықталады.

Президентті қызметінен Парламент тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда шеттетуі мүмкін. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының (кемінде төрттен үшіннің) көпшілік даусымен қабылданады.

Президент науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

## **Парламент**

Парламент екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және астанадан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенат депутаттары биліктің жергілікті өкілді органдарының депутаттарынан сайланады. Сенаттың он бес депутатын Президент тағайындайды.

Мәжіліс жүз жеті депутаттан тұрады. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Партиялық тізімдердің негізінде депутаттық мандаттарды бөлуге дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың кемінде жеті пайызын алған саяси партиялар жіберіледі. Сенат

депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл.

Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Парламент депутаты ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен, оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған, конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

Парламент заңдарды қабылдайды, республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды.

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;

Президентке оның бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге х а қ ы л ы ;

соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен

бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшіннің даусымен еңсереді;

Сенат (Президенттің ұсынуымен) Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды және қызметтен босатады, Президенттің Республика ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім береді.

Сенат Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындайды.

Мәжілістің ерекше қарауына Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау, Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру жатады.

Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

Президент Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Парламентті ұйымдастыру және қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен анықталады.

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі**

Үкіметті Қазақстан Республикасы Президенті құрады, Президент алдында жауапты және Парламентке есеп береді.

Премьер-Министрді Президент Парламент Мәжілісінің келісімімен тағайындайды.

Парламент Үкіметтің Бағдарламасын тыңдайды және мақұлдайды не оны қабылдамайды.

Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз:

Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен оны



қызметтен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Егер Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады.

Президент өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы. Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Үкіметтің құзыреті, Ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңмен анықталады.

## **Конституциялық Кеңес**

Конституциялық Кеңес Конституцияға сәйкес 1995 жылы құрылған және Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды; Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды; Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді; дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді; Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды; Конституцияда анықталған өзге де өкілеттіктерді анықтайды.

Бұл мәселелерді Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша қарайды.

Адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

Конституциялық Кеңес алты жылға өкілеттік мерзімімен жеті мүшеден тұрады. Кеңеске екі-екі мүшеден Сенат пен Мәжіліс, екі мүшесі мен төрағасын Президент тағайындайды.

## **Соттар және сот төрелігі**

Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Жоғарғы Сот, жергілікті соттар Республиканың соттары болып табылады.

Барлық судьяларды Жоғарғы Сот мүшелерін қоспағанда, Президент тағайындайды. Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасының жоғары сот органы болып табылады,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасын және судьяларын Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ.

Соттардың және Жоғарғы Сот Кеңесінің мәртебесі, жасақтау тәртібі және жұмысты ұйымдастыру "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" 2000 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен анықталады.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап алқабилердің қатысумен сот ісін жүргізу енгізілді ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы).

"Кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 23 тамыздағы Жарлығына сәйкес Астана және Алматы қалаларында алғаш рет Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді және олардың мүдделерін қозғайтын азаматтық істерді карауға уәкілеттік берілген кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Кейіннен олардың жұмыс нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының басқа да өңірлерінде оларды құру мәселесін шешу жоспарлануда.

## **Прокуратура**

Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Президент бес жыл мерзімге тағайындаған Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Прокуратура Республика Президентіне ғана есеп береді.

Прокуратураның құзыреті, оны ұйымдастыру және қызметінің тәртібі "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңымен анықталады.

## **Жергілікті билік органдары**

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жергілікті өкілді органдарды - мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде бес жыл мерзімге халық сайлайды.

Мәслихаттардың қарауына: аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту; жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу; азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау жатады.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және тиісті аумақта атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдардың қарауына экономикалық және дамудың әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу, коммуналдық меншікті басқару, Конституцияда және заңнамада анықталған өзге де өкілеттіктер жатады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.

Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

## **Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы Жарлығымен Мемлекет басшысының жанынан консультациялық-кеңесші орган ретінде Адам құқықтары жөніндегі комиссия құрылды.

2007 жылғы 18 қаңтардағы жай-күй бойынша Комиссияның құрамын қазақстандық қоғамның түрлі әлеуметтік-экономикалық қабатын, ұлттық, саяси, кәсіби, ведомстволық өзгешелігін білдіретін 22 адам құрайды.

Адам құқықтары жөніндегі комиссия қызметінің негізгі бағыты Мемлекет

басшысының адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық өкілеттіктерін іске асыруына жәрдемдесу болып табылады. Комиссия адам құқықтары және құқық қорғау тетіктерінің тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді. Комиссияға түсетін өтініш, бәрінен бұрын, адам құқықтарымен байланысты ахуалды зерделеу үшін, заңнамалық қордағы және мемлекеттік органдардың құқық қолдану практикасындағы кемшіліктерді анықтау үшін қажет.

Комиссия мемлекеттік органдармен, соттармен, прокуратурамен, полициямен бірлескен қызмет қазақстандықтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

## **Адам құқықтары жөніндегі уәкіл**

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің лауазымы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілді.

Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының пайда болуына осы институттың танымал болуы, Уәкіл институтының мемлекеттік басқаруды жетілдіруге ықпалын талдау және жобалау жөнінде көпжоспарлы жұмыс ж о л с а л д ы .

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанында Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық жұмыс істейді.

## **Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылды әрі жұмыс істейді. Оның мәртебесі - отбасыны, балалардың, әйелдер мен ер адамдардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ гендерлік саясатты дамыту мәселелерімен айналысатын консультациялық-кеңесші орган.

## **I Бөлім 1-бап**

1. Барлық халықтар өзінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы. Осы құқық бойынша олар өз елінің саяси мәртебесін еркін белгілеп, оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін түрде қамтамасыз етеді.

2. Барлық халықтар алдарына қойған мақсат-мұраттарына жету жолында халықаралық экономикалық ынтымақтастықтан туындайтын, өзара тиімділік қағидаттары мен халықаралық құқыққа негізделген қандай да болсын міндеттемелерге

нұқсан келтірместен, өз елінің табиғи байлықтары мен ресурстарын еркін игере алады. Бірде-бір халықты меншігіндегі тіршілік етуге қажетті заттардан еш уақытта айыруға б о л м а й д ы .

3. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттердің бәрі, соның ішінде өзін-өзі басқарушы емес және қамқорлығындағы аумақтарды басқаруда жауапты мемлекеттер де, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес, мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асыруын көтермелеуге және ондай құқықты құрметтеуге тиіс.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жария етілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабына сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық.

Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Конституция адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады .

Этникааралық татулықты қамтамасыз ету барлық, соның ішінде заңнамалық деңгейде іске асырылатын маңызды мемлекеттік міндет болып табылады. Республикада 130-дан астам ұлт тұрады. Мемлекет өміріне барлық ұлт өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету үшін көпұлтты мемлекетте тұратын барлық ұлттар мен ұлыс жинақталған Қазақстан халқының Ассамблеясы сияқты институт құрылып, ойдағыдай жұмыс істеуде. Ассамблеяны құру мен қызметінің құқықтық негіздері Республиканың Конституциясында жария етілген. Парламент Мәжілісінің (төменгі палата) 98

депутатынан 9 депутат Ассамблеядан сайланады. Қазақстан халқы Ассамблеясының құқықтық мәртебесін заңнамалық деңгейде күшейту шаралары қабылдануда. Қазіргі кезде этникааралық қатынастар саласында қоғамның мемлекеттік және азаматтық институттарының өзара іс-қимылдарының тиімділігін арттыруда конституциялық рольді нығайтуға бағытталған Ассамблеяның құқықтық мәртебесіне, оны қалыптастыру тәртібі мен қызметін ұйымдастыруға қатысты заң жобасы әзірленуде.

## II Бөлім 2-бап

1. Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, осы Пактіде танылған құқықтарды өзінің аумағының шегінде және юрисдикциясына қарасты аумақта тұратын барлық жұртты нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси, немесе басқа да наным-сеніміне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік жәй-күйіне, туу немесе өзге де жағдаяттарына қарамастан, еш алаламай аталған құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Мұндай міндеттер қолданыстағы заң жүзінде, немесе басқа шаралар түрінде ескерілмеген жағдайда, осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, өзінің конституциялық процедуралары мен осы Пактінің ережелеріне сәйкес, осы Пактіде танылған құқықтарды жүзеге асыру үшін қажет болатын заң шығару немесе басқа да шараларды қабылдау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндеттенеді.

3. Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет:

а) осы Пактіде танылған құқықтары мен бостандықтары бұзылған кез-келген адамға, олардың құқықтары мен бостандықтарын ресми тұлғалар бұзған күннің өзінде де, тиімді құқықтық қорғау амалын қамтамасыз етуге;

б) құқығын қорғауды талап еткен кез келген адамның құқықтық қорғау құқығы мемлекеттік құқықтық жүйесімен көзделген құзыретті сот, әкімшілік, заң шығару биліктері немесе басқа құзыретті орган арқылы белгіленуін және сот арқылы қорғалу мүмкіндігінің дамуын қамтамасыз етуге;

с) құқықтық қорғау құралдары берілген күнде, оларды құзыретті өкімет орындарының пайдаланып қолдануларын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

Қылмыстық заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына, конституциялық заңдарға және жалпыға танылған халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларына негізделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 1-бабына сәйкес

Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдарымен, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік қаулылары қылмыстық құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады.

Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес:

"1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы әрбір халықаралық шартын Қазақстан Республикасының міндетті және адал орындауына жатады...

3. Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

4. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді, осындай халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасына тиесілі құқықтардың жүзеге асуын және халықаралық шарттарға басқа да қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауын қадғалайды.

5. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуына жалпы қадағалауды және бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады."

Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 26-бабына сәйкес халықаралық шартқа қатысушы мемлекет өздерінің шартты орындамағанын ақтау үшін өзінің ішкі құқықтарының ережелеріне сілтеме жасай алмайды. Басқаша айтқанда, мемлекет "pacta sunt servanda" қағидатын сақтауға тиіс, яғни "шарттар орындалуға тиіс".

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасы ешқандай ескертусіз ратификациялады, осыған байланысты ұлттық

заңдардың алдында басымдыққа ие болады. Тиісінше пактінің нормалары Республика аумағында тікелей қолданыла алады.

Қазақстан басқа да жасасу тәсілдерін қолдану жолымен (бекіту, қосылу, қол қою арқылы) қатысушы болған халықаралық шарттар жоғарыда аталған конституциялық нормаға сәйкес Республиканың басқа да халықаралық міндеттемелерімен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына жатады. Оларды тікелей қолдану үшін шектеулер болмайды, бірақ егер олар ұлттық заңдарға қарама-қайшы келгенде, соңғысы басымдыққа ие болады. Бірақ бұл мұндай шарттардың автоматты түрде өзінің заңдық күшінен айырылатынын білдірмейді. Мұндай халықаралық шарттар үшін " Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы оларды ратификациялайтын міндетті рәсімдерді көздейді ( Заңның 11-бабы ). Осылайша, ратификациялау - мемлекетішілік рәсімдер екендігін ескере отырып, мемлекет қосымша рәсімдер жүргізу жолымен де, контрагентпен келіссөздер жүргізу жолымен де анықталған қарама-қайшылықты жою бойынша қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Ратификациялау рәсімі Заңда Республика қатысатын:

нысанасы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылатын;  
орындалуы қолданыстағы заңдарды өзгертуді немесе жаңа заңдарды қабылдауды талап ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге ережелерді белгілейтін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының өтуі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағын және құрлықтық қайраңын межелеп бөлу туралы халықаралық шарттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен аумақтық межелеп бөлінуі туралы;  
мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы, қарусыздану немесе қару-жараққа халықаралық бақылау жасау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер бойынша, сондай-ақ бітімгершілік халықаралық шарттар мен ұжымдық қауіпсіздік туралы халықаралық шарттар;

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарға қатысуы туралы, егер мұндай халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының егемендік құқықтарының бір бөлігін жүзеге асыруды оларға беруді көздейтін болса немесе олардың органдары шешімдерінің Қазақстан Республикасы үшін заңдық тұрғыдан міндеттілігін белгілесе;  
мемлекеттік қарыздар туралы;

гуманитарлық көмекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмектер көрсетуі туралы; қол қою кезінде келіссөздерге қатысушы тараптардың кейіннен оларды ратификациялау туралы келіскен; егер халықаралық шарттарда мұндай келісім ратификациялау арқылы білдірілетіні көзделетін халықаралық шарттар үшін міндетті екендігі көзделеді.



Қолданыстағы Республика Конституциясы 1995 жылы қабылданды, сондықтан оны қабылдағанға дейін Қазақстан қатысушысы болған халықаралық шарттарды сақтауға және аумақта қолдануға қатысты Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің ресми түсіндіруі бар. "Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 11 қазандағы N 18/2 қаулысына сәйкес Қазақстан 1995 жылға дейін қатысушы болған халықаралық шарттардың, егер ол тікелей заңдардың өзінде белгіленсе, Қазақстан Республикасы заңдарының алдында басымдыққа ие. Сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабының 7) тармақшасын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 2006 жылғы 18 мамырдағы қаулысына сәйкес белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының халықаралық шартын немесе оның жекелеген ережелерін Республика Конституциясына қайшы келеді деп танылған жағдайда, мұндай шарт толық немесе Конституцияға сәйкес келмеді деп танылған бөлігінде о р ы н д а у ғ а ж а т п а й д ы .

Мұндай жағдайда анықталған қарама-қайшылықтарды жою жөнінде контрагенттермен келіссөздер жолымен барлық қажетті шараларды қабылдау талап етіледі, өйткені Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясына сәйкес қатысушы мемлекеттер шартты өзінің мағынасынан айырмауға тиіс.

Қазақстан Республикасындағы сот практикасы судьялардың өз шешімдерінде Қазақстан ратификациялаған адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттардың нормаларына әзірге кеңінен сілтеме жасай бермейтінін көрсетеді. Осы олқылықты жою үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты адам құқықтары саласында ратификацияланған халықаралық шарттардың нормаларын соттардың қолдануы туралы қаулыны әзірледі және қабылдады.

Заңнамалық деңгейде Республика қатысатын халықаралық шарттардың нормаларын кеңінен қолдану және оларды ұлттық заңнамаға имплементациялау мәселесі бүгінде жеткілікті реттелмеген. Осыған байланысты Үкімет 2009 жылы тиісті олқылықтарды жою, сондай-ақ жасасқан халықаралық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау мәселелерін ете айқын нақтылау жоспарланатын "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" заң жобасы әзірлеу туралы ұсынысты қолдады.

Осы қадам Баланың құқықтары жөніндегі БҰҰ Комитетінің<sup>2</sup> Қазақстанның Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын орындау туралы бастапқы баяндамасын қарау нәтижелері бойынша (7-тармақ) (2003 ж.) ұсынымдарына сәйкес келеді..

Қабылданған міндеттемелерді орындауды бақылау мәселелері "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық

ұйымдардың шешімдерін іске асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі Жарлығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) де реттелген.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдардың осы жұмысты үйлестіруге қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Халықаралық гуманитарлық, құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді. Оның міндеттеріне гуманитарлық құқық саласындағы халықаралық шарттарға қатысу, қабылданған халықаралық міндеттемелерді орындау, халықаралық гуманитарлық құқық нормаларына сәйкес ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша Үкімет пен органдарға ұсыныстарды қарау және әзірлеу кіреді. Комиссия "Халықаралық гуманитарлық, құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысымен құрылды. Осы комиссиядан басқа Үкімет жанында Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі сарапшылық кеңес жұмыс істейді. Оның міндеттеріне Республиканың халықаралық ұйымдарға және әмбебап конвенцияларға қатысуы мәселелерін қарастыру кіреді.

## 2 Қазақстан, CRC/C/15 Add. 213,6 June 2003

Қазіргі кезде қабылданатын заңнамалық шараларды реттеу және басқа да елдердің, халықаралық ұйымдардың оң тәжірибелерін және жалпыға танылған халықаралық стандарттарды, сондай-ақ қабылданған халықаралық міндеттемелер мен ұлттық мүдделерді ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдірудің перспективалық бағыттарын айқындау мақсатында Үкімет мемлекет Басшысының қарауына енгізуді жоспарлап отырған Құқықтық саясат тұжырымдамасының жобасын әзірледі.

Міндетті тиімді құқықтық қорғау құралдарын беруге жауапты ұлттық билік, бірінші кезекте сот болып табылады.

Әкімшілік органға жүгіну де тиімді болатындай жағдайда жеткілікті болуы мүмкін.

Жоғарыда "Жалпы ережелер" тарауында көрсетілген органдардың құзыреті, соның ішінде адам құқықтарын сақтауға және қорғауға байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі мен мерзімдері бөлігінде Қазақстан Республикасының заңдарымен қатаң реттеледі.

2007 жылғы қаңтарда жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында мемлекеттік органдарға өтініштерін беру мен қарау тәртібін реттейтін "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Заңда азаматтарды шағымдарымен, сауалдарымен, өтініштерімен қарау тәртібі де, осы хабарламаларға ден қою тәртібі де барынша нақты жазылған.

Соттан, мемлекеттік органдардан басқа адам құқықтары жөніндегі мамандандырылған мекемелер жұмыс істейді. Атап айтқанда, ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия және Адам құқықтары жөніндегі

у ә к і л .

Уәкіл мекемесі 2002 жылдан бастап жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ереженің 17-тармағына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру барысында Уәкіл Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, олардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заң актілерімен және халықаралық шарттарымен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын бұзатын лауазымды тұлғалардың және ұйымдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасаған арыздарын қарайды.

Уәкіл келіп түскен өтініштер негізінде де, және егер оған ресми көздерден немесе бұқаралық ақпарат құралдарынан аталған жолсыздықтар туралы мәлім болған жағдайда, сондай-ақ өз бастамасы бойынша да адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзу фактілері туралы мәліметтерді тексереді.

Өтініштерде көрсетілген фактілерді тексеру кезінде Уәкілдің заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан шағымдарды қарау үшін қажетті мәліметтер с ұ р а т у ғ а ;

2) мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болуға;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы ақпаратты өзге жолмен алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізу ұсынысымен Парламент п а л а т а л а р ы н а жү г і н у г е ;

4) адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша қорытынды дайындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға шарт негізінде ұйымдар мен мамандарды т а р т у ғ а ;

5) адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

6) қызметтік куәлігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын адамдармен кездесіп, әңгімелесуге;

7) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық іс қозғау туралы қолдау хатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге;

8) жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарламалар жариялауға құқығы бар.

Мекеменің қызмет уақыты кезінде 8758 жазбаша және ауызша өтініштер түскен.

1993 жылғы Париж қағидаттарына (БҰҰ қағидаттары) сәйкес адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемеге оның құрамы мен оның жүргізу шеңберін айқындайтын конституциялық немесе заңнамалық актіде нақты жазатын барынша кең өкілеттіктер берілген.

Уәкілдің мәртебесін заңнамалық тұрғыда бекіту туралы мәселені жақын арадағы екі жылда қарастыру жоспарланып отыр.

Егер Республикадағы құқықтық қорғау құралдарының қол жетімділігін бағаласак, онда Қазақстан азаматтары Конституция мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұлттық мемлекеттік органдар мен, мамандандырылған мекемелерден, сондай-ақ халықаралық мекемелер мен органдардан бастап, субъектінің кең ауқымына өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жүгінуге құқылы.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-сессиясында мемлекет Басшысы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттамаға, Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қойды.

Қазіргі кезде көрсетілген Хаттамалар ратификацияланды және ұлттық заңдардың алдында басымдыққа ие.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы Жарлығымен 1984 жылғы 10 желтоқсандағы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның 21-22-баптарында көзделген Азаптауларға қарсы комитеттің құзыретін тану туралы Қазақстан Республикасының Мәлімдемесі мақұлданды.

1997 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (өзгерістермен және толықтырулармен) 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағына қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдарымен, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларымен айқындалады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік қаулылары қылмыстық іс жүргізу құқығының құрамдас бөлігі болып табылады.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 3-бабы 8-тармағында егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, аталған шарттың ережелері қолданылатындығы көзделген.

Халықаралық шарттан туындағандай, оны қолдану үшін республика ішінде акт шығару талап етілген жағдайлардан басқа Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар азаматтық қатынастарға тікелей қолданылады.

1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (өзгерістермен және толықтырулармен) 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу тәртібі конституциялық заңдармен, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексімен айқындалады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері азаматтық іс жүргізу құқығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Сондай-ақ 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 2-бабында Қазақстан Республикасының әкімшілік-деликттік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың құрамдас бөлігі болып табылатындығы көзделген. Халықаралық шарттардың және республиканың өзге де міндеттемелерінің нормасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы болып табылады. Республика бекіткен халықаралық шарттар оның заңдарының алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартты қолдану үшін заң шығару қажет болатын реттерді қоспағанда, тікелей қолданылады.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа билер арқылы соттарға ғана тиесілі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ. Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға к е п і л д і к б е р і л е д і .

Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Адамның және азаматтың конституциялық әрі өзге де құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны үшін ұлттық заңнамада Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (ҚК 3-тарау) бірқатар баптарында қылмыстық жауапкершілік көзделген: 141-бап . "Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу", 142-бап . "Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу", 143-бап . "Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзу", 144-бап . "Дәрігерлік құпияны жария ету", 145-бап . "Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу", 146-бап . " Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау", 147-бап . "Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу", 148-бап . "Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу", 149-бап . "Ар-ождан және діни наным бостандығы құқығын жүзеге асыруға кедергі жасау", 150-бап . "Қоғамдық бірлестіктердің қызметіне кедергі жасау", 151-бап . "Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау", 152-бап . "Еңбекті қорғау ережелерін бұзу", 153-бап . "Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу", 155-бап . "Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру". 27.12.1994 жылғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (өзгерістермен және толықтырулармен) азаматтардың жеке мүліктік емес және мүліктік қатынастарын қорғау реттеледі. Осы Кодекстің 144 , 145 , 146-баптарында жеке бастың құпиясын сақтау құқығы, өз бейнесіне құқық, тұрғын үйге қол сұғылмау құқығы көзделген.

Азаматтық құқықтарды қорғау құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, төленетін айыпты өндіріп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқық қатынастарын тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңдарға сәйкес келмейтін құжатын жарамсыз немесе орындауға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ заңнамалық актілерде көзделген өзге де әдістермен жүзеге асырылады.

2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде (өзгерістермен және толықтырулармен) адамның денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, әкімшілік құқық бұзушылықты бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген, атап айтқанда, 89-бап - Жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның еңбекті қорғау заңнаманы не еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін, 221-бап - Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелерді бұзу, 241-бап - Экологиялық ластану зардаптарын жою жөнінде шаралар жүргізуден жалтару, 323-бап - санитариялық-гигиеналық және

санитариялық-эпидемияға қарсы ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

### 3-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер, осы Пактіде көзделген барлық азаматтық және саяси құқықтарды пайдалану құқығы ерлер мен әйелдерге тең болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екендігі көзделеді. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

"Неке және отбасы туралы" Заң ерлер мен әйелдер үшін бірыңғай неке жасын белгілейді. Заңның 10-бабына сәйкес 18 жас болып белгіленеді. Бұл ретте заңнама дәлелді себептер болған кезде осы жасты екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуді көздейді. Мұндай себептерге жүктілік, баланың тууы, өміріне қауіпті ауру жатады. Неке жасын төмендетуге тек некеге тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі, ал некені қиюға ата-аналарының не қорғаншыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі. "Неке және отбасы туралы" Заңның 9-бабына сәйкес некеге тұрушы ер мен әйелдің некеге тұру үшін өзара ерікті келісімі және неке жасына жетуі қажет. Некеде Заңның 29-бабына сәйкес ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауда ерікті. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

Қазақстанда әйелдер жауапты шешім қабылдауды күтпейтін лауазымдарға ие. Биліктің типтік гендерлік пирамидасы бар, онда әйелдер төменгі және орта деңгейлерге қатысады, шешім қабылдау деңгейіндегі жоғары лауазымдарда аз кездеседі. Мемлекеттік билік органдарында мемлекеттік лауазыммен айналысатын қызметкерлердің жалпы санынан әйелдер 59 %, ерлер 41 % құрайды. Еліміздің үкіметі құрамында - 1 әйел бар.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі басшысының орынбасары болып тұңғыш рет әйел тағайындалды. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің құрылымдық бөлімшелерін басқаратын, министрлердің орынбасарлары не министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдардың жауапты хатшылары болып

табылатын әйелдер саны өсті.

Бірде бір облыс немесе қала әкімі әйел болған емес, небәрі 4 әйел - облыс әкімдерінің орынбасарлары, екі әйел - аудан әкімдері, бұл 1 % құрайды. Аудан әкімдері орынбасарларының ішінде 16,6 %, ауылдық және кенттік округ әкімдерінің ішінде 11,6 % әйел.

Өңірлік мемлекеттік органдарда 19,9 % және кәсіпорындар пен Ұйымдарда 28,3 % әйелдер басқарады.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің IV шақырылымында алдыңғы шақырылыммен салыстырғанда әйелдер саны азайған, 8-ден 17-ге дейін 2 есе өскен және 15,9 % құрайды.

Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының құрамында 37 сенатордың тек 2-уі ғана әйел немесе 5,4 %.

Мәслихаттарға 599 әйел сайланып, олардың жалпы санынан 17 % құрайды. Олардың ішінде 11 % облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына сайланған. Мәслихаттарда әйелдердің сайлануы әртүрлі: Қостанай облысы - 29,6, Ақмола облысы - 23,2 %, Солтүстік Қазақстан облысы - 22,3 %, ал Оңтүстік Қазақстан облысында - 4,8 %, Алматы қаласында — 11 %.

Әйелдер мен ерлердің құқықтары ғана емес, мүмкіндіктер теңдігіне қол жеткізу үшін Мемлекет басшысының 2005 жылғы 28 қарашадағы Жарлығымен Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы бекітілді, онда шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің 30 % өкілдік етуіне қол жеткізу міндеті қойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Ол әйелдердің саяси және экономикалық ілгерілеуі, әйелдердің, ерлердің ұрпақты болу және балалардың денсаулығын сақтау, отбасы қатынастарында гендерлік теңдікке қол жеткізу жөніндегі 45 ірі іс-шараларды қамтиды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары "Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы" заң жобасына бастамашылық етті және қазіргі кезде талқылауда жатыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауында жатқан "Тұрмыстық зорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заң жобасы әзірленді.

"Қазақстандағы әйелдер мен ерлер туралы" гендерлік статистика бойынша жинақтың шыққанына 7 жыл болды, ол Қазақстанның гендерлік теңдік мәселелері бойынша мыңжылдық даму мақсаттарын орындау бағытын қадағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия саяси партиялармен басшы лауазымдарға және



сайлау органдарына кандидаттарды жылжыту үшін партиялық тізімді жасау кезінде гендерлік теңгерімді сақтау жөнінде көлемді жұмыс атқарды. Парламент Мәжілісінің кезектен тыс сайлауы және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының кезекті сайлауы алдында ұлттық комиссия мүшелері саяси партиялардың басшылары мен мүшелеріне, Қазақстан халқы ассамблеясына Ашық хат жариялады. Еліміздің барлық өңірлерінде 35 үкіметтік емес Ұйымдардан тұратын әйелдер көшбасшылығы мектебінің Республикалық желісі құрылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің III шақырылымындағы нәтижеге қарағанда партиялық тізімдерде әйелдер көбірек тартылды, яғни 30 %-ға әйел басқаратын " Руханият" партиясы ғана шекті шамада қол жеткізді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі үш жасқа дейін балалары бар әйелдерге және жүкті әйелдерге қатысты тек жыныс белгісі бойынша жұмысқа қабылдаудан бас тартуға немесе негізсіз жұмыстан шығаруға жауапкершілікті шектейді (ҚР ҚК-нің 148-бабының 2-бөлігі). Басқа да әйелдерге қатысты жыныс белгісі бойынша кемсітушілік жазаланбайды және қудаланбайды.

Әйелдерге қатысты көзделген жазаларды қолданумен байланысты оң кемсітушілікті қамтитын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің кейбір баптары физиологиялық себептерден немесе әйелдердің аналық функциялардан туындамайды ә р і қ а ж е т е м е с .

Атап айтқанда, өмір бойына бас бостандығынан айыру (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабы ) және өлім жазасы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 49-бабы ) әйелдерге тағайындалмайды. Мұндай оң кемсітушілік қажет емес әрі гендерлік теңдік қағидатына қайшы келеді.

Қылмыстық заңнаманы талдау әйелдерге қатысты оның тек ана болу функцияларын қорғауға бағытталған және іс жүзінде әлеуметтік тұрғыдан қорғамайды деген қ о р ы т ы н д ы ғ а ә к е л д і .

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде некеге тұруға немесе некеде бірге тұруды жалғастыруға мәжбүрлегені үшін, сондай-ақ әйелдердің өз қалауы бойынша некеге тұруына кедергі келтіргені үшін бір жылға дейінгі мерзімге (ескі редакциядағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабы) бас бостандығынан айыру жазасы көзделді. Оның еркінен тыс әйелдерді ұрлағаны үшін осы бап үш жылға дейін бас бостандығынан а й ы р у д ы к ө з д е д і .

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіне осы қылмыс құрамдары кірген жоқ.

Әйелдерді түсік тастауға мәжбүрлеу (ескі редакциядағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 109-бабы) бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарымен жазаланды. Егер түсіктен ауыр зардап болған жағдайда - екі жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланды.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодекске осы қылмыс құрамдары енген жоқ.

Жоғарыда санамаланған баптар әйелдерді кемсітетін салт-дәстүрлерден немесе тәжірибесінен қорғауды көздейді.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы неке кезінде де, оны бұзғаннан кейін де ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу құқығын көздейді. Осы Заңның 32-бабы ерлі-зайыптылардың ортақ кірістерінің есебінен сатып алынған бағалы қағаздар, жарналар, салымдар, несие мекемелеріне немесе өзге де коммерциялық ұйымдарға салынған капиталдағы үлестерді ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне жатқызады. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы некеде тұрған кезеңде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке кірісі болмаған жұбайға да тиесілі.

Бүгінде жыныс белгісі бойынша кемсітушілік туралы істерді қарау жөніндегі сот практикасы жоқ. Іс жүзінде мұндай шағымдар негізінен әйелдер және құқық қорғау ұйымдарына келіп түседі.

2004 жылы Қазақстанда кемсітушілікке қарсы заңнаманың жоқтығы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстанның орындауы туралы бастапқы-үшінші мерзімді баяндаманы қарау нәтижелері бойынша Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі БҰҰ Комитетінің Қорытынды ескертулерінде (8-тармақ) көрсетілді.

Осыған байланысты соңғы екі жылдың ішінде гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған мынадай нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

"Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 28 қарашадағы Жарлығы ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы Жарлығы ;

"Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 600 қаулысы .

Әйелдер мен ер адамдардың тең мүмкіндіктерін сақтауды қамтамасыз ету үшін заң жобаларын қосқанда, әзірленетін нормативтік құқықтық актілерге гендерлік сараптама енгізілді. Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және жыныс белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға және гендерлік теңдікті сақтауға бағытталған жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жалғасатын болады.

## 4-бап

1. Мемлекеттегі төтенше жағдай ұлт өміріне қауіп төндірген күнде, және ол ресми түрде жарияланған болса, осы Пактіге қатысушы мемлекеттер осы Пакті бойынша өз міндеттерінен жалтару шараларын қиын жағдайдың шиеленісі талап ететін дәрежеде ғана және бұл шаралар халықаралық құқық бойынша басқа да міндеттемелеріне қайшы келмейтін жағдайда және нәсілге, түр-түске, жынысқа, тілге, дінге немесе әлеуметтік текке негізделген кемсітуге әкеліп соқпайтын жағдайда ғана қолдана алады.

2. Бұл ереже 6, 7, 8 (1, 2-тармақтар), 11, 15, 16 және 18-баптардан қандай да бір жалтаруға негіз бола алмайды.

3. Жалтару құқығын пайдаланып отырған осы Пактіге қатысушы кезкелген мемлекет, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы, осы Пактіге қатысушы басқа мемлекеттерді қандай ережелерден жалтарғанын және мұндай шешім қабылдауға мәжбүр еткен себептерді айтып, дереу хабардар етуге тиіс. Сонымен қатар, сол дәнекер арқылы, жалтару құқығының пайдалану мерзімі қай уақытта аяқталатыны да хабарлануы тиіс.

Қаралып отырған уақыт кезеңінде Қазақстанда төтенше жағдай енгізілген жоқ.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;

"Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын шектеу, оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар туындатқан шектерде жүзеге асырылуға тиіс. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс.

Қаралып отырған уақыт кезеңінде Қазақстанда төтенше жағдай енгізілген жоқ.

Төтенше жағдайлар енгізуге байланысты құқықтар мен бостандықтарды уақытша шектеу осы Заңның "Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер" 4-тарауына сәйкес белгіленеді.

Осы шаралар мен шектеулер АСКХҚ ережелеріне сәйкес келеді.

ҚР Конституциясының 39-бабы ешқандай жағдайда да шектелуі мүмкін емес

құқықтар мен бостандықтарға қатысты ережені қамтиды, атап айтқанда:

республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға  
б о л м а й д ы .

Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды;

әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға х а қ ы л ы ;

әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар;

заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең;

тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды;

әркімнің өмір сүруге құқығы бар;

ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар;

әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар;

адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды;

ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды;

әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету - көрсетпеуге х а қ ы л ы ;

әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар;

әркімнің ар-намыс бостандығына құқығы бар;

меншіктік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

Конституция заңдық күші жоғары заңнамалық акт болып табылады, сондықтан арнаулы заңнамалық актілерді, соның ішінде "Төтенше жағдайлар туралы" Заңды орындау конституциялық нормаларды сақтай отырып, жүзеге асырылуға тиіс.

## 5-бап

1. Осы Пактідегі ешбір қағида, қайсыбір мемлекетке, қайсыбір топқа, немесе қайсыбір адамға аталған Пактіде танылған кез-келген құқықтар мен бостандықтарды жоюға, немесе оларды осы Пактіде көзделген дәрежеден тыс шектеуге бағытталған қандай да бір жұмыспен айналысуға немесе қандай да бір іс-әрекет жасауға құқық

береді деп пайымдалуы тиіс емес.

2. Осы Пактіде танылған немесе осы Пактіге қатысушы қайсыбір мемлекетте заң, конвенция, ереже, немесе әдет-ғұрып жүзіндегі қандай да бір негізгі адам құқықтарын осы Пактіде танылмайды немесе, танылған күнде де, кем ауқымда танылады деген сылтаумен ешқандай шектеуге немесе кемсітуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 1-тармағына сәйкес әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын тек қана заңмен және конституциялық құрылымды қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында қажет болатындай шамада ғана шектелуі мүмкін.

Ұлтаралық келісімді бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

Ешбір нысанда азаматтардың құқығы мен бостандығын саяси астары бойынша шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 10, 11, 13 - 15-баптарында, 16-баптың 1-тармағында, 17-бапта, 19-бапта, 22-бапта, 26-баптың 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықты ешбір жағдайларда шектеуге болмайды.

### **III Бөлім 6-бап**

1. Өмір сүру құқығы - әрбір адамның ажырамас құқығы болып табылады. Бұл құқық заңмен қорғалады. Ешкімнің де өмірі еріксіз қиылуға тиіс емес.

2. Өлім жазасы жойылмаған елдерде, өлім жазасы тек қана айрықша ауыр қылмыс жасағаны үшін, қылмыс жасалған уақытта қолданыста болған заңға сәйкес және осы Пактінің, сондай-ақ Геноцид қылмыстарының алдын алу және жазалау туралы конвенцияның қаулыларына қайшы келмеген жағдайда ғана, ең ауыр жаза ретінде беріледі. Бұл жаза тек қана құзыретті сот шығарған ақтық үкімді орындау үшін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Өлім жазасы геноцид қылмыстары үшін берілген болса, онда осы баптағы ешбір қағида осы Пактіге қатысушы мемлекеттерге Геноцид қылмыстарының алдын алу және жазалау туралы конвенцияның қаулылары бойынша қабылдаған кез келген міндеттемелерінен қайсы бір жолдармен жалтару құқығын бермейтіндігін ескеру керек.

4. Өлім жазасына кесілген әрбір адамның кешірім беруді немесе шығарылған үкімді жеңілдетуді сұрап арыздануға хақысы бар. Барлық жағдайда да рақымшылдық, кешірім беру немесе өлім жазасы туралы шығарылған үкім ауыстырылып берілуі мүмкін.

5. Он сегіз жасқа толмаған адамдар жасаған қылмыстары үшін өлім жазасына кесілмейді және де өлім жазасына кесілген әйелдің аяғы ауыр болса, өлім жазасы жүзеге асырылмайды.

6. Осы баптағы ешбір қағида осы Пактіге қатысушы қайсыбір мемлекеттер үшін өлім жазасын жою мәселесін болдырмауға, немесе өлім жазасын жоюды кейінге қалдыруға негіз бола алмайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға х а қ ы с ы ж о қ .

Конституцияда ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқтығы белгіленген. Өлім жазасы адамдардың ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

Ең ауыр жаза туралы норманы шектеулі деп санаған жөн, өйткені ол тек аса ауыр қылмысқа ғана қолданылады. Өлім жазасы тағайындалуы мүмкін аса ауыр қылмыстың нақты құрамын Қылмыстық кодексі айқындайды. Бұл ретте аса ауыр қылмыс үшін заңда өлім жазасынан басқа да жаза белгіленуі мүмкін.

Кодексі әйелдерге, 18 жасқа дейін қылмыс жасаған, сондай-ақ үкім шыққан сәтте 65 жасқа толған адамдарға өлім жазасын тағайындауға тыйым салады. Сонымен бірге өлім жазасына балама жаза - өмір бойы бас бостандығынан айыру енгізілді.

ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 165-бабына сәйкес сот үкімінің заңды күшіне енуі Қазақстан Республикасы Бас прокурорының қадағалау тәртібімен соттың үкіміне қарсылық жасау үшін негіздердің жоқтығы туралы және істі қадағалау тәртібімен қарау үшін негіздердің жоқтығы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының қорытындылары, сондай-ақ кешірім жасау туралы өтініштің қабылданбағаны туралы хабарлама немесе сотталушының кешірім жасау туралы өтініш беруден бас тартқаны туралы акт өлім жазасы түріндегі жазаны орындау үшін негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

Кешірім жасау туралы өтінішті Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия қарайды. Кешірім жасау туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережөнің 14-тармағына сәйкес кешірім жасау туралы мәселе қаралған кезде:

1) жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипаты мен деңгейі, сотталған адамның жеке басы, оның мінез-құлқы, еңбекке көзқарасы, бас бостандығынан айыру орындарындағы ынталы Ұйымдардың жұмысына қатысуы, өтелмеген жаза мерзімі, отбасы жағдайы және кешірім жасау туралы өтінішті қарау кезінде маңызы бар басқа д а ж а ғ д а я т т а р ;

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының және Бас прокурорының сотталған адамға қатысты кешірім жасауды қолданудың орындылығы туралы қ о р ы т ы н д ы л а р ы ;

3) түзеу мекемесі әкімшілігінің, қоғамдық бірлестіктер мен еңбек ұжымдарының

п і к і р л е р і ;

4) сотталған адамға кешірім жасау туралы жәбірленушінің өтініші(болған жағдайда)  
) зерделенеді және назарға алынады.

Кешірім жасау туралы өтініш сот үкімі (қаулысы) заңды күшіне енгеннен кейін  
қ а р а л а д ы .

Кешірім жасау өлім жазасын өмір бойына бас бостандығынан айыруға немесе жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстыру, одан әрі жазасын өтеуден босату не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту, сот тағайындаған жазаны өте жеңіліне ауыстыру, соттылықты алып тастау түрінде жүзеге асырылады.

Сотталушы кешірім жасау туралы өтінішпен жүгінген кезде үкімді орындау Қазақстан Республикасының Президенті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады. Сотталушы кешірім жасау туралы өтінішпен жүгінуден бас тартқан кезде тергеу изоляторының әкімшісі прокурордың қатысуымен тиісті акт жасайды.

Өлім жазасы туралы үкім ол күшіне енген кезден бастап ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан соң ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін орындалады.

"Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 желтоқсандағы N 1251 Жарлығымен Қазақстан Республикасында 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап өлім жазасына мораторий енгізілді. Енгізілген мораторийді Жарлықта тікелей көрсетілгендей, оны толық жою туралы мәселе шешілгенге дейін сақтау жалғасып келеді.

Жалпы, жалпыға танылған халықаралық бағытты қолдай отырып, мемлекет өлім жазасын кезең-кезеңмен жою саясатын жүргізуде. Осыған байланысты осы мәселені үйлестіру мақсатында Үкіметтің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 687 қаулысымен Қазақстан Республикасында өлім жазасының күшін жою туралы мәселені зерделеу жөніндегі комиссия құрылды және жұмыс істейді.

2007 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде өлім жазасы енді тек адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін және соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

Қазақстанда 2007 жылдың желтоқсанына дейін УК-161/12 мекемелерінде өлім жазасына сотталған 31 адам ұсталды. Мемлекет басшысының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Жарлығымен жоғарыда көрсетілген сотталғандарға қатысты жазалау шарасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылды. Осы адамдар бұл адамдар Жітіқара қаласы УК-161/3 мекемесінде жазасын өтейтін болады.

Қабылданған конституциялық түзетулерді іске асыру үшін қазіргі кезде Парламентте осы жаза тағайындалатын қылмыстардың құрамын едәуір қысқартуды (18-ден 8 құрамға дейін) көздейтін заң жобасы талқылануда.

## 7-бап

Ешкім де азапталуға немесе оның қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолымен жәбірленуге немесе жазалануға тиіс емес. Ішінара, ешбір тұлға өзінің ерікті түрдегі келісімінсіз медициналық немесе ғылыми тәжірибеге ұшыратылуы тиіс емес.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабына сәйкес ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексінде жазасын өтеп жүрген адамдардың қызметкерлер тарапынан сыпайы қарым-қатынасқа құқығы бар деп көзделген. Олар қатаң немесе адамгершілік қасиетін қорлауға ұшырамауға тиіс. Сотталғандарға мәжбүрлеу шараларын заң негізінен өзгеше қолдануға болмайды.

Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңмен 1984 жылғы 10 желтоқсандағы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылды (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 қарарымен қабылданған). Жалпы Қазақстанның осы Конвенцияның шеңберінде міндеттемелерді орындауы 2006 жылы БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы комитетіне жіберілген Қосымша баяндамасында толық жазылды.

Қылмыстық кодекске азаптау үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін 347-1-бап енгізілді. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 116-бабына толықтырулар енгізілді, яғни дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректердің қатарына азаптауды қолдана отырып алынған деректер жатады (Азаптауларға қарсы комитеттің Қорытындылары мен ұсынымдарының 9-тармағы d) тармақшасы).

Азаптаудың және басқа да мәжбүрлеу түрлерінің нәтижесінде алынған айғақтарды алып тастау мәселесі бойынша "Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 24-тармағында соттар дәлелдемелерді жинау және бекіту кезінде тергеудің (анықтаудың) заңсыз әдістерін қолданғаны туралы тараптардың өтініштерін тексеру бойынша барлық шараларды қабылдауы керек делінген. Тергеудің (анықтаудың) заңсыз әдістерін қолданғаны расталған кезде соттар осы ретте алынған дәлелдемелерді жарамсыз деп тануы тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жалпы әскери жарғысының 9-тармағы бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы ретінде әскери қызметшінің өзінің қызмет жағдайына қарамастан, жеке



қадір-қасиетінің қол сұғылмауына құқығы бар. Ол заңдармен және осы Жарғымен қорғалған. Әскери қызметшіні азаптаған, қорлаған қатыгез, немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттермен жазалаған адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

Практика көрсетіп отырғанындай, әдетте қамауда ұсталатын адамдарға рұқсат етілмеген тергеу әдістері қолданылады. Республикада негізсіз қамауға алуды және қамау мерзімдерін негізсіз ұзартуды болдырмау мақсатында қамауға алуды санкциялау құқығы соттарға берілді.

Қамауға санкция беру мәселелері "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Заңда толық реттелген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің статистикалық деректері бойынша 2005 жылы ҚК-нің 347-1-бабы бойынша 2 адам сотталған, 2006 жылы 7 адам сотталған.

2006 жылы Қазақстан Республикасының соттары азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу фактілері бойынша қылмыстық қудалау органдарының 67 қызметкеріне қатысты барлығы 47 қылмыстық іс қараған, соның ішінде 63 адамға қатысты 45 іс айыптау үкімі шығарыла отырып қаралған. Бұл ретте, алдын ала тергеу және анықтау барысында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу, соның ішінде азаптауларды және басқа да рұқсат етілмеген тергеу әдістерін қолдану фактілері бойынша 15 адамға қатысты 8 қылмыстық іс қаралып, үкім шығарылды.

2004 жылғы қаңтардан бастап Ішкі істер министрлігінің қарауында болған барлық тергеу изоляторлары Әділет министрлігінің қарауына берілді. Қазіргі уақытта қоғамдық ұйымдар өкілдерінің бас бостандығынан айыру орындарына баруға заңды негіздері жоқтығына қарамастан, жариялы мониторинг мақсатында мемлекеттік билік қоғамдық ұйым өкілдерінің қамауға алу орындарына бару мүмкіндігіне оң қарайды. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдарының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы Заңымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл заңда пенитенциарлық мекемелердегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қоғамдық бақылау көзделген.

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін облыстық қоғамдық байқау комиссиялары жұмыс істейді, оған:

түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларына қоғамдық байқау комиссиясының кемінде екі мүшесі құрамында қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы белгілеген тәртіппен кедергісіз кіру;

сотталғандармен олардың келісімі болған кезде әңгімелесуге, сондай-ақ олардың

құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу мәселелері жөніндегі өтініштері мен  
шағымдарын қабылдау;

түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларындағы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер жөнінде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының әкімшілігіне және (немесе) прокуратура органдарына өтініш жасау құқығы берілген.

"Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы" Заң қабылданды.

Қылмыстық атқару кодексінің 21-бабына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің және өзге де адамдардың, соның ішінде тәуелсіз халықаралық және ұлттық органдардың азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу мақсатында мекемеге баруға құқығы бар.

Осылайша, азаптаулардың алдын алудың тәуелсіз ұлттық алдын алу тетіктерін жасау туралы көрсетілген Хаттаманың нормаларын іске асыру негіздері заңнамалық деңгейде қаланды.

Қазақстан 2007 жылы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның 21 және 22-баптарында көзделген Азаптауларға қарсы комитеттің құзыретін тану туралы мәлімдемеге қол қойды.

## 8-бап

1. Ешкім де құлдықта ұсталуы тиіс емес; құлдық пен құл саудасының барлық түріне тыйым салынады.

2. Ешкім де кіріптарлықта ұсталуы тиіс емес.

3. а) Ешкім де ықтиярсыз немесе міндетті еңбекке мәжбүрленуі тиіс емес; б) азапты жұмыстарды қолданатын елдерде, жасалған қылмыс үшін тағайындалатын бас бостандығынан айыру жазасы азапты жұмыстармен ілесетін болса, осындай жазаны тағайындаған құзыретті соттың үкімін орындау үшін, азапты жұмыстарды қолдануға 3 а) тармағы бөгет бола алмайды; с) осы баптағы "ықтиярсыз немесе міндетті еңбек" деген термин қамтымайтын жұмыс пен қызметтің түрлері:

i) б тармақшасында көрсетілмеген, әдетте соттың заңды ұйғарымы негізінде тұтқында жүрген немесе тұтқыннан шартты түрде босатылған адам атқаруға тиіс жұмыс пен қызметтің қай түрі болмасын;

ii) әскери сипаттағы қызметтің қай түрі болмасын, ал саяси және діни этникалық себептермен әскери қызметтен бас тарту танылған елдерде, осындай себептермен әскери қызметтен бас тартқан адам үшін заңды түрде белгіленген қызметтің қай түрі

б о л м а с ы н ;

iii) жұрттың өмірі мен игілігіне қауіп төндіретін төтенше жағдай немесе апат кезінде міндетті түрде атқарылатын қызметтің қай түрі болмасын;

iv) әдеттегі азаматтық міндеттерге жататын жұмыс пен қызметтің қай түрі болмасын .

Конституцияға сәйкес әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі (24-бап). Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде еңбек заңнамасы принциптерінің бірі - кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу көзделген. (ЕК-нің 4-бабының 3-тармағы).

Еңбек кодексінің 8-бабына сәйкес мәжбүрлі еңбекке тыйым салынған.

Қазақстан Республикасында адам құқықтарын бұзуға алып келетін адамдарды заңсыз әкету, әкелу және сатудың алдын алу және жолын кесу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында 2003 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Адамдарды заңсыз әкету, әкелу және сатуға қарсы күрес мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді.

Комиссияның негізгі міндеттері: адамдарды заңсыз әкету, әкелу және сату саласында қалыптасқан жағдайды талдау; адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері бойынша халықты хабардар ету; адамдарды заңсыз әкету, әкелу және сату саласында әрі қалыптасқан практикада қабылданған халықаралық-құқықтық құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру; адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес саласында Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру; адамдарды заңсыз әкетудің, әкелудің және сатудың құрбандарын қорғау және оларға көмек көрсету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу болып т а б ы л а д ы .

Адамдар саудасы бойынша қылмыстарға қарсы күрес, болырмау және алдын алу бойынша барлық қабылданатын шараларды Үкімет әрбір үш жылға қабылданатын Іс-шаралар жоспарының шеңберінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы бұйрығына сәйкес бакалавриат және магистратура мамандықтары, оның ішінде адамдарды сатуға қатысты қылмыстарға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу мәселелерін қамтитын "Құқық негіздері және экономика" және "Юриспруденция" мамандықтары бойынша білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары бекітілді.

Жалпы білім беретін мектептерде балалар мен жасөспірімдер арасында зорлық көрсетудің алдын алу және болдырмау мәселелері "Мемлекет және құқық негіздері", "Тіршілік қауіпсіздігі негіздері", "Этика және отбасылық өмір психологиясы" сөкілді

жалпы білім беру бағдарламаларында көрініс табады.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды сатуға қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 2 наурыздағы Заңмен Қылмыстық кодекске, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, Қылмыстық іс жүргізу кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" Заңға өзгерістер е н г і з і л д і .

Атап айтқанда, Қылмыстық кодекске "адамды пайдалану" терминінің анықтамасы енгізілді. Қылмыстық кодекстің "адамды саудаға салу" атты 128-бабы Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ Конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатуды болдырмау және оның жолын кесу және оны жазалау туралы Хаттамаға сәйкестендірілді. Алғаш рет адам мәйітінің органдары мен тінін заңсыз алғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделді ( 275-1-бап ).

Адамдарды сатуға байланысты қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтуді көздейтін басқа да өзгерістер (ҚР ҚК-нің 113 , 125 , 128 , 133-баптары ) енгізілді, осы санаттағы қылмыстардың құрамын саралайтын белгілері кеңейтілді.

2006 жылғы 4 шілдеде "Заңсыз еңбектенуге көшіп келушілерді жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңды орындау үшін Заң қолданысқа енгізілгенге дейін алпыс күнтізбелік күн ішінде Республикаға келген және осы уақыттан бастап Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып еңбек қызметін жүзеге асыра бастаған 164.586 шетелдік азамат жария етілді.

Жария ету нәтижесінде, келген азаматтарды есепке алуды реттеуден басқа, олар Қазақстан Республикасында болу ережесін бұзғаны, шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалану ережелерін бұзғаны үшін көзделген әкімшілік жауапкершіліктерден, сондай-ақ салық төлеуден жалтарғаны, Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережелерін бірнеше рет бұзғаны үшін көзделген қылмыстық жауапкершіліктерден босатылды.

Шетелде адам саудасының құрбаны болған Қазақстан азаматтарына көмекті "Шет мемлекеттерге заңсыз әкелінген және адам саудасының құрбандары болған, сондай-ақ шетелде басқа да қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлы жағдайға ұшыраған Қазақстан Республикасы азаматтарына қаржылай көмек көрсету" бағдарламасының шеңберінде дипломатиялық өкілдіктер көрсетеді. 2007 жылы осы бағдарлама бойынша 97 мыңға жуық АҚШ доллары бөлінді. Оларды қылмыстық қудалауға жәрдемдесуге тілек білдірген қылмыс құрбандарын қорғау жөніндегі шаралар қабылдануда. Мәселен, "Қылмыстық процеске қатысатын адамдарды қорғау туралы" Заңның шеңберінде 2007 жылғы қаңтардан қазан аралығындағы кезеңде адам саудасы бойынша 7 қылмыстық іс бойынша 31 құрбанға көмек көрсетілді. 2007 жылы осы бағдарлама бойынша мемлекет 240 мыңға жуық АҚШ долларын бөлді.

Заңсыз көшіп-кону, адамды саудалау және адам еңбегін пайдалану саласындағы қылмысты болдырмау, анықтау, ашу және тергеуді әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында ҚР Сыртқы істер министрлігінде мамандандырылған бөлімше құрылды.

Адам саудасы саласындағы қылмыстар туралы статистикалық деректер мынадай: 2006 жылы ҚР аумағында 20 қылмыс тіркелді, бұл 2005 жылы тіркелген қылмыстардан 77,8 % артық (9 қылмыстық іс).

2007 жылы сотқа 4 іс жіберілді, 6 қылмыстық іс ақтауға болмайтын негіздер бойынша тоқтатылды (айыпталушыға Ақтау туралы заңды қолдануға байланысты), 6 қылмыстық іс Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 527-бабына және Минск Конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Ресей Федерациясының азаматы Е. Горскойды қуғындау үшін Ресей Федерациясының Бас прокуратурасына жолдады. 2 қылмыстық іс тоқтатыла тұрып, 2007 жылы қайта қ о з ғ а л д ы .

2 қылмыстық іс бойынша бас бостандығынан айырумен айыптау үкімі шығарылды.

Талдау көрсеткендей, бұл қылмыстар екі түрге бөлінеді: жезөкшелік пайдалану мақсатында және еңбегін пайдалану мақсатында жасалған қылмыстар. Бірінші топтағы қылмыстар бойынша жәбірленушілер санының көп бөлігін 16-25 жас аралығындағы әйелдер құрайды. Екінші топ бойынша 20-35 жас аралығындағы ер кісілер құрайды, көпшілік жағдайда ТМД ортаазиялық мемлекеттерінің азаматтары болып келеді.

2005 жылы Қазақстан Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясын және оған Қорытынды х а т т а м а н ы р а т и ф и к а ц и я л а д ы .

2 0 0 8 ж ы л ы :

БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын және Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы оған хаттама;

1926 жылғы 25 қыркүйектегі құлдық туралы Конвенция және 1956 жылғы 7 қыркүйектегі Құлдықты, құл сатуды және институттар мен құлдыққа ұқсас әдет-ғұрыптарды қысқарту туралы Қосымша Конвенция ратификацияланды.

Осы халықаралық шарттардың барлығы Қазақстан конституциясының 4-бабына сәйкес ратификациялануына байланысты заңдардың алдында басымдыққа ие.

1930 жылғы "Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы N 29 ХЕҰ конвенциясы, 1957 жылғы "Мәжбүрлі еңбекті жою туралы" N 105 ХЕҰ конвенциясы, 1999 жылғы Балалар еңбегінің нашар нысандарын жою бойынша тыйым салу және жедел шаралар туралы N 182 ХЕҰ Конвенциясы ратификацияланды. Бұдан басқа, Қазақстан Құлдыққа және құлдық саудасының кез келген нысанына тыйым салу қамтамасыз етілетін халықаралық қарулы қақтығыстардың (II хаттама) құрбандарын қорғауға қатысты 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенциясының Қосымша хаттамасына қосылды.

2006 жылы 26 қарашада ТМД мемлекеттері Басшыларының Кеңесі бекіткен

Адамдар саудасына қарсы күресте ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2007-2010 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасының шеңберінде ТМД елдерімен бірлескен іс-шаралар жүргізіледі. Бұл құқық қорғау органдарының бірлескен операциялары, тәжірибе алмасу, заңнаманы жетілдіру, ортақ ұсынымдар әзірлеу.

Бес жыл бойы ПМ-де "ОПГ - Тер-Трафик" электрондық республикалық ақпараттық жеректер қоры жұмыс істейді. Онда адамдар трафиігн ұйымдастырушылар, басқарушылар және қатысушылар және қылмыстарды анықтау және тергеу бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтер жүйеге келтірілген.

Мемлекет адамдар саудасына қрасы күресте үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асыратын әлеуметтік маңызды жобаларды қаржыландырады. Мәселен, биылғы жылы Мәдениет және ақпарат министрлігі халық арасында хабардар болуды арттыру бойынша 3 жобаны қаржыландырды.

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды ПМ заң институтының базасында төртінші жыл Адамдарды сатуға және заңсыз көшіп-қонуға қарсы күрес мамандарын даярлауға арналған оқу орталығы жұмыс істейді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері шетелде осындай қылмыстарды тергеудің арнайы дағдыларын оқып үйренеді.

Қазіргі кезде өмірде, соның ішінде оған қарсы жасалған зорлық нәтижесінде қиын жағдайға душар болған азаматтарға өтеусіз негізде әлеуметтік қызмет көрсетуді көздейтін "Әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсанда Заңы қабылданды.

## 9-бап

1. Әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар. Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген процедураға сәйкес айырылуы мүмкін.

2. Қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері мен өзіне тағылған кез келген айып жедел түрде хабарланады.

3. Қамауға алынған немесе қылмыстық айыптау бойынша ұсталған әрбір адам судьяның немесе заң бойынша сот билігін жүзеге асыру құқығы бар және ақылға қонымды уақыт ішінде істі сотта қарауға немесе босатуға құзыреті бар басқа лауазымды адамның алдына жедел жеткізілуі тиіс. Сотта ісі қаралуын күтіп отырған адамдарды тұтқында ұстау жалпыға бірдей тәртіп болып саналмауы тиіс, бірақ босату - сотқа келу, сотта ісінің қаралуының қай сатысында болмасын келу, керекті жағдайда үкім орындалу кезіне келу кепілдігі берілсе ғана жүзеге асырылады.

4. Қамау немесе тұтқында ұстау арқылы бас бостандығынан айрылған әрбір адамның, оның ұсталуының заңды-заңсыз екендігі туралы сот кідіртпей қаулы шығарып және ұсталуы заңсыз болған күнде оны босату туралы бұйрық беру үшін ісі

с о т т а                      қ а р а л у ы н а                      қ ұ қ ы ғ ы                      б а р .

5. Қамаудың, я болмаса тұтқында ұсталудың құрбаны болған әрбір адам талаптық күші бар өтемақы төлемдеріне құқылы.

Конституцияға сәйкес әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабына сәйкес адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не ж а з а л а у ғ а                      б о л м а й д ы .

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 14-бабына сәйкес: "осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімді де қылмыс жасады деген сезік бойынша ұстауға, қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айыруға болмайды. Осы Кодексте көзделген жағдайларда ғана және қамауға алынған адамға сотқа шағымдану құқығын бере отырып, тек соттың немесе прокурордың санкциясымен ғана қамауға алуға және күзетпен ұстауға жол беріледі. Адам прокурордың санкциясынсыз жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұсталуы мүмкін. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімімен ғана жол беріледі . Күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімі немесе прокурордың санкциясы бойынша жол беріледі. Әрбір ұсталған адамға ұстаудың негізі, сондай-ақ ол жасады деп сезік келтірілген немесе айыпталған қылмыстың заңдық сипаттамасы дереу х а б а р л а н а д ы " .

Бұған қоса, қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын тусіндіруге және олардың айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке және мүлдіктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдануға міндетті. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 27-бабына сәйкес: "Ешкім өзіне, жұбайына (зайыбына) және ауқымы заңмен айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақтар беруге міндетті емес".

Қазақстан заңнамасының көрсетілген нормалары халықаралық стандарттармен танылған нормалар мен принциптерге сәйкес келеді.

Жазылған нормаларды қамтамасыз ету және сақтау тиімділігін қолданыстағы т ә ж і р и б е                      к ө р с е т і п                      о т ы р .

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының деректері бойынша, 2006 жылы негізсіз ұстау, күзетпен ұстап қамау фактілері орын алған. Егер 2005 жылы прокурорлар ішкі істер органдары мен қаржы полициясының қызметтік үй-жайларынан 571 адамды босатса, 2006 жылы 743 адамды босатқан, оның ішінде 740 адам ішкі істер органдарынан босатылған. Куәларды, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандарды бас бостандығынан заңсыз айыру фактілері де орын алған. Мұндай шараларда қылмыстық қудалау органдарына тиімді айғақтар алу мақсатында оларға қысым көрсету тәсілдері

қолданылғандығы жасырын емес. Жалпы, 2006 жылы прокурорлар 62 азаматтың заңсыз ұсталғандығын мойындады.

Статистикаға жүгінсек, 2006 жылы прокурордың тұтқындауға және тұтқындауды ұзартуға берген санкцияларына 756 шағым қарастырылған, олардың 129-ы немесе 17%-ы қанағаттандырылған.

Конституциялық түзетулердің нәтижесінде азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеу бойынша қылмыстық қудалау органдарының қызметін соттың бақылау шектері кеңейтілді. 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап қамауға тек сот санкция береді. Бұл толық көлемде халықаралық стандартқа жауап береді. Оларға бұлтартпау шараларын өзгеше қолдану мүмкін болмайтын ерекше жағдайларда әйелдер мен кәмелетке толмағандарды қамауға санкция беріледі. Егер екі жыл бұрын прокурордың қамауға санкция беруіне байланысты әрбір бесіншісі қамауға алынса, кейіннін қамаудан босатылды. Айына орташа есеппен прокурор қамауға 1900 санкция берген. Қамауға соттың санкция беруі енгізілгеннен кейін берілген санкциялардың саны 40 %-ға төмендеді (бұл қамауға 1350 санкция).

## 10-бап

1. Бас бостандықтарынан айрылған барлық адамдар өздеріне деген адамгершілікті көзқарасқа және адам баласына тән қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқылы.

2. а) айыпкерлер, ерекше жағдай тумаған күнде, сотталушылардан жеке орналастырылады және оларға жеке, сотталмаған адамдардың мәртебесіне сай, режим беріледі. б) кәмелетке толмаған айыпкерлер, кәмелетке толған айыпкерлерден бөлек ұсталады және өте қысқа мерзім ішінде, шешім шығарылуы үшін, сотқа жеткізіледі.

3. Тұтқындарға, пенитенциарлық жүйе бойынша, олардың түзелуін және оларға әлеуметтік қайта тәрбие беруді маңызды мақсат тұтатын режим қарастырылады. Кәмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар кәмелетке жасы толған құқық бұзушылардан бөлек ұсталады және оларға өздерінің жасы мен құқықтық мәртебесіне сай режим беріледі.

Соңғы он жылда Қазақстан Республикасында ҚАЖ-ды жетілдіру шеңберінде бірқатар мәселелерді кезең кезеңмен шешуге мүмкіндік беретін және белгілі оң нәтижелерге қол жеткізудегі бірқатар бағдарламалар іске асырылды.

Мәселен, сотталғандардың құқықтары едәуір кеңейтілді, олардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуы анағұрлым тиімді бола түсті, жазаны өтеудің ілгерілеу жүйесі заңды түрде бекітілді, ТМ мен ТИ-дың материалдық-техникалық базасы нығайтылуда, түрме тұрғындарының тығыздығы төмендеді.

Пенитенциарлық жүйені Әділет министрлігінің қарауына берген күннен бастап хат алмасуға, сағат тағуға, бос уақытында спорт киімін киюге қойылған негізсіз шектеулер мен тыйым салулар алып тасталды. Камералардағы терезелер кеңейтілді, күндізгі



жарық пен таза ауаны молықтыру үшін олардан металл жалюздер алынып тасталды,  
а ғ а ш е д е н д е р т е с е л д і .

Сотталған адамдарды, соның ішінде туберкулезбен ауыратындарды, жүкті әйелдерді, сондай-ақ стационарлық және амбулаториялық емдеудегі сырқат сотталғандарды тамақтандыру жақсартылды. Сырқаттарға арналған азық-түлік 22-ден 29 түрге дейін көбейтілді.

Қылмыстық-атқару жүйесінде сотталған адамдарға медициналық қызмет көрсету үшін емдеу-алдын алу мекемелері (ауруханалар, арнайы психиатриялық және туберкулез ауруханалары; медициналық бөлімшелер), ал туберкулездің ашық түрімен ауыратын сотталғандарды ұстау және амбулаторлы емдеу үшін мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын емдеу құқығы бар түзеу мекемелері құрылады.

Бұл ретте түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғандардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін, белгіленген санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптардың орындалуы үшін жауап береді.

2002 жылдан бастап сотталғандарды АҚТҚ-ға мәжбүрлеп тестілеу, сондай-ақ жазаны өтеу орындарында АҚТҚ тарататындарды оқшаулап ұстау тоқтатылды, сонымен бірге аумақтық ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес органдарымен және халықаралық ұйымдармен бірлесіп өткізілетін осы індеттің таралуының алдын алу жөнінде жұмысы күшейтілді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беріледі. Бұл ретте құқықтар мен міндеттер туралы ақпарат берудің нысаны - сотталғандарға жаднамалар беру, сондай-ақ заңнама талаптары мен жалпы адамзатқа тән құндылықтарды түсіндіретін көрнекі ақпарат б о л ы п т а б ы л а д ы .

Күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталғандарға діни дәстүрлерге сәйкес осы мақсатта арнайы жабдықталған үй-жайларда мүмкінігінше діни жораларды атқаруға мүмкіндік беріледі. Оларға өздерінде діни әдебиеттердің болуына және пайдалануына, дінге табыну заттарын жеке пайдалануына рұқсат етіледі. Діни көмек көрсету үшін дінге табыну қызметшілерін шақыруға рұқсат етіледі.

Қазіргі кезде қылмыстық-атқару жүйесінің барлық түзеу мекемелерінде 34 мешіт пен шіркеу ғимараты, түрлі конфессиялардың 145 сыйыну бөлмелері жұмыс істейді.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметінде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларындағы адамдардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етудің құқықтық қырларын реттеу мақсатында Әділет министрлігі пенитенциарлық жүйе қызметінде азаматтық қоғамның қатысуын кеңейту жұмыстарын жүргізуде.

Атап айтқанда, 2004 жылы 29 желтоқсанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) қол қойылды, онда қылмыстық жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын

адамдардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қоғамдық бақылауды ұйымдастыру көзделеді.

Қоғамдық бақылауды түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұстау жағдайлары, медициналық-санитарлық қамтамасыз ету, еңбегін, бос уақытын және оларды оқытуды ұйымдастыру бөлігінде құқықтары мен заңды мүдделерінің жүзеге асырылуына жәрдемдесу мақсатында қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады. Осылайша, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметіне заңды тұрғыдан белгіленген жергілікті атқарушы органдардың бақылауынан, сот бақылауынан, прокурорлық қадағалаудан, ведомстволық бақылаудан басқа Заңмен қоғамдық бақылау бекітілген. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін республиканың 15 облысында қоғамдық байқау комиссиялары құрылды. Олардың қызметі әртүрлі іс-шаралар, адам құқықтарын сақтау мәселелері жөніндегі семинарлар өткізу жолымен ҚАЖ құрылымдық бөлімшелерімен тікелей өзара іс-әрекетті жүзеге асырады. Бұдан басқа, сотталғандардың құқықтары мен заңдық мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету мәніне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында ұдайы ҚАЖ мекемелеріне бару жүзеге асырылады, тиісті ұсынымдар жасалады. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл тұрақты негізде бас бостандығынан айырылған адамдардың құқықтарын сақтау мәніне, жынысы мен жасына қарай саралауға, ізгілікпен қарауға және ар-намысын құрметтеуге, оларды түзетуге және әлеуметтік бейімдеуге бағытталған белгілі бір режим шеңберінде ұстауға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің мониторингін жүзеге асырады. Жоғарыда санамаланған құқықтарды бұзуға шағымданған өтініштерді қабылдау, қарау және оң шешу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

ҚАЖ-дың білікті кадрлық құрамын дайындау жөніндегі жұмысын жақсарту мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі құрылымында пенитенциарлық жүйе саласындағы мамандарды дайындауға мүмкіндік беретін, адам құқықтарын қорғау және сотталғандармен қарым-қатынас саласындағы халықаралық стандарттағы білімге ие Қостанай заң институты, Павлодар заң колледжі, Оқу орталығы (Тараз қ.) жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін реформалау төңірегінде пенитенциарлық жүйені халықаралық нормалар мен стандарттарға жақындату жөнінде шаралар қабылданды.

2007 жылғы наурызда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңға сәйкес Қылмыстық-атқару жүйесінің бірқатар баптарына, сотталғандарға камералық ұстауды енгізудің құқықтық негіздерін құруға бағытталған өзгерістер енгізілді.

Осы өзгерістерді енгізу сотталғандардың жабылатын үй-жайларда бас

бостандығынан айырылып тұру мүмкіндігін анықтайды, бұл сотталғандарды ұстау жағдайларының халықаралық нормалар мен стандарттарға жақындатуға ықпал етеді. (ҚАЖК-нің 117, 119, 121, 129-баптары).

Сотталған адамдарды айып изоляторына, тәртіп изоляторына орналастыру не камералық үлгідегі үй-жайға немесе жалғыз адамдық камераларға ауыстыру оларды айып, тәртіп изоляторында, камералық үлгідегі үй-жайда немесе жалғыз адамдық камерада ұстау мүмкіндігіне жасалған медициналық куәландырудан кейін жүргізіледі, бұл сотталғандардың бас бостандықтарынан айырудағы құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің қосымша кепілі болып табылады. (ҚАЖК-нің 113-бабы)

Сотталғандардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру жөніндегі мәселені қарап, ол бойынша ұсыныс енгізу туралы өтініш, не ұсыныстан бас тарту туралы қаулыға сәйкес өзгерістер енгізілді (ҚАЖК-нің 169-бабы).

Кемсіту сипатындағы және сотталғандардың әлеуметтік қорғалуын арттыратын шектеулерді алып тастауға бағытталған бірқатар өзгерістер көзделген:

Сотталғандардың кірісінен тамақтану құны мен коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұстап қалудан босату;

АҚТҚ/ЖҚТБ ауыратын сотталғандарға қатысты ауру құпиялылығын сақтау;

Жүкті әйелдерді, жанында балалары бар әйелдерді, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектер мен емдеу түзеу мекемелерінде ұсталатын сотталған адамдардың, олардың жеке шоттарынан азық-түлікпен бірінші қажетті заттарды алу құқығына шектеулерді алып тастау.

жазасын өтеп жүрген сотталғандарды босату негіздері нақтыланды.

Сезіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсарту мақсатында ҚАЖ басқармаларын ұйымдастыруды жетілдіру және ҚАЖ мекемелерінде объектілерді түзеу мекемелеріне қайта құру және жөндеу жолымен адамдарды ұстау жағдайларын жақсарту шаралары қабылдануда.

## 11-бап

Тек қана қайсыбір шарттық міндеттемені орындау дәрменсіздігінің негізінде ешкім де бас бостандығынан айырылуға тиіс емес.

Қазақстан Республикасының қылмыс заңнамасында бостандықтан айыруға тағайындау мүмкіндігімен кез келген шартты міндеттемелер орындауға жарамайтын адамдардың қылмыстық жауапкершілігі туралы нормалар сақталған.

Мысалы, Қылмыстық кодекстің 195-бабы (Несиелік берешекті өтеуден әдейі жалтару). Ірі мөлшердегі несиелік берешекті өтеуден тиісті сот актісі заңды күшіне

енгеннен кейін ұйым жетекшісінің немесе азаматтың әдейі жалтаруы екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Азаматтың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы, ал ұйымның екі мың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы берешегі ірі мөлшердегі несиелік берешек деп танылады.

## 12-бап

1. Кез келген мемлекеттің аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам сол аумақтың шегінде еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекен-жайды өз қалауынша таңдау құқығына ие болуы тиіс.

2. Әрбір адам өзінің туған елін қоса алғанда, кез келген елді тастап шығуға құқылы.

3. Жоғарыда айтылған құқықтар, заңда көзделген, мемлекеттік қауіпсіздікті, немесе қоғам тәртібін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын, немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін және осы Пактіде танылған құқықтармен қабысатын басқа құқықтарды қорғау үшін қажет шектеулерден тыс ешқандай шектеулердің объектісі бола алмайды.

4. Ешкім де өзінің туған еліне қайтып оралу құқығынан еріксіз айырылуы тиіс емес.

Конституцияның 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

"Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес шетелдіктер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің болуына рұқсат етілген аумағында еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жер таңдай алады. Жүріп-тұрудағы және тұрғылықты жер таңдаудағы шектеулер, бұл мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау, Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болғанда Қазақстан Республикасының бұған уәкілеттік берілген органдарының актілерімен белгіленеді.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген адамның тұратын жерін еркін таңдау құқығын, еңбек бостандығын, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауын, кету бостандығын, жүріп-тұру бостандығын қамтамасыз етіледі. 2001 жылдан бастап Қазақстанда "шығу визалары" тәжірибесінің күші

жойылды, бұл өз елін қоса, кез келген елден шығу құқығын қамтамасыз етуде оң қадам  
б о л ы п                                      т а б ы л а т ы н ы                                      с ө з с і з .

Сонымен бірге азаматтар, соның ішінде шетелдіктер өзінің уақытша немесе тұрақты тұратын жері бойынша тіркеуліге міндетті. Бұл, мысалы, олардың өздерінің сайлау құқықтарын іске асыруы үшін қажет. Егер сайлаушыға сайлаудан кемінде отыз күн бұрын сайлау күні өзінің тіркелген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмайтыны белгілі болса, оның өзінің болатын жері бойынша жергілікті атқарушы органға өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқығы бар. Осы тармаққа сәйкес азамат өтініш жасаған кезде жергілікті атқарушы орган азаматты тіркелу орны бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны сол азамат дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді ұйымдастырады. Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізіміне тиісті әкім қол қояды және ол дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын тиісті сайлау комиссиясына акт бойынша тапсырылады.

### 13-бап

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттердің қайсыбірінің аумағында заңды негізде жүрген шетел азаматын осы аумақтан, заңға сәйкес шығарылған шешімді орындау бағытында ғана қайтаруға болады, және де, егер мемлекет қауіпсіздігінің императивті қажеттілігі басқадай шараларды талап етпесе, ол өзінің қайтарылуына қарсы дәлелдемелерді ұсынып, құзыретті өкімет арнайы тағайындаған, құзыретті өкімет орны, тұлға, немесе тұлғалар арқылы ісінің қайта қаралуын талап етуіне және осы мақсатпен сол өкіметтің, тұлғаның, немесе тұлғалардың алдына келтірілуіне құқығы бар.

"Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес:

а) егер оның іс-әрекеті мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе қоғамдық тәртіпті қорғау мүдделеріне қайшы келетін болса;

б) егер бұл халықтың денсаулығы мен адамгершілік қасиетін сақтау, Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

в) егер ол шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнаманы, Қазақстан Республикасының кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын бұзса;

г) егер Қазақстан Республикасының азаматымен некеге тұруы оны Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру үшін негіз болып табылып, заң актілерімен белгіленген тәртіппен неке заңсыз деп танылған жағдайда Қазақстан Республикасының ш е г і н е н                                      қ у ы л у ы                                      м ү м к і н .

Елден шығару туралы шешімді Қазақстан Республикасының оған уәкілетті мемлекеттік органдары қабылдайды.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 45-бабы 1-бөлігінің 10) тармақшасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке адамға мынадай әкімшілік жаза: шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру қолданылуы мүмкін:

Осы Кодекстің 56-бабына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіруді судья осы Кодекстің ерекше бөлімінде көзделген тәртіп пен негіздер бойынша әкімшілік жазалау шарасы ретінде қолданады.

Егер әкімшілік іс жүргізу барысында Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру түріндегі әкімшілік жазалау шарасы қолданылуы мүмкін адам, өзіне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыс болып танылатын әрекет жасалғаны туралы хабарласа, онда осы адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 185-бабында белгіленген тәртіппен хабарлама немесе өтініш бойынша шешім қабылданғанға дейін кейінге қалдырылады.

Қазақстан Республикасына келген және жергілікті атқарушы органдардың тиісті рұқсатынсыз еңбек қызметін жүзеге асырушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, егер мемлекетаралық келісімдерде өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдары Қазақстан Республикасынан кетіруге тиіс.

Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шығарып жіберу туралы шешім шығарылған күннен бастан бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады ("Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1987 жылғы 13 желтоқсандағы Заңның 7, 22-баптары).

Сонымен бірге Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама бойынша Қазақстанның қабылдаған міндеттемелерін іске асыру үшін сауда құрбандарына Республикада уақытта тұру мәртебесін алу жолымен тергеу кезеңінде оның аумағында қалуға мүмкіндік беретін шаралар қабылданды.

Соңғы бес жылда Қазақстанға жыл сайын келетін шетелдіктердің саны 5 есе өсті және 2007 жылы 2 млн 300 мың шетелдікті құрады, 93 % ТМД азаматтары болып табылады.

Алайда, Республикаға көшіп келушілер ағынының өсуімен елге террористік және экстремалдық ұйымдар мүшелерінің, есірткі, қару-жарақ контрабандасының және адамдарды сатудың ену қаупі өсуде.

2007 жылы көші-қон ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан аумағы арқылы Ресейге

және одан әрі Еуропаға өтпек болған Ауғанстанның, Бангладештің, Түркияның, Шри-Ланканың 20-ға жуық азаматы және Тәжікстанның, Өзбекстанның 500-ден астам азаматы ұсталды. Көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке 953 шетелдік тартылды, 344 қылмыстық іс, соның ішінде заңсыз көші-қонды ұйымдастырғаны үшін 80 қылмыстық іс қозғалды.

2007 жылғы 28 тамызда көші-қон саласындағы негізгі бағыттарды көрсететін Көші-қон саясатының 2007 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды.

## 14-бап

1. Сот пен трибунал алдында жұрттың бәрі тең. Әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қайсыбір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті, тәуелсіз және әділ сот арқылы ісі әділетті және ашық қаралуын талап етуге құқылы. Егер, істің ашық қаралуы демократиялық қоғамда адамгершілік пен қоғамдық тәртіп, мемлекет қауіпсіздігінің пайымдаулары ескерілген жағдайда немесе азаматтардың жеке өмірінің мүдделері талап етсе немесе соттың пікірі бойынша, жариялылық әділ соттың мүдделерін бұзатын ерекше жағдай тудыратын болса, онда соттың істі қарауы басынан аяғына дейін немесе оның бір деңгейінде, жабық түрде, баспасөз өкілдері мен жұртшылықты қатыстырмай, жүргізілуі мүмкін; алайда, кез келген қылмыстық, не болмаса азаматтық істер бойынша шығарылған қаулылардың бәрі, тек кәмелетке толмағандардың мүдделері басқа шараларды талап еткен жағдайда немесе матримониалдық дау-дамайлар немесе балаларды қамқорлыққа алу жөніндегі істер бойынша шығарылған қаулыларды қоспағанда, көпшілік алдында жария етілуі тиіс.

2. Қылмыстық іс бойынша айыпталған әрбір адам, кінәсі заң бойынша дәлелденгенге дейін, кінәсіз деп есептелуге құқылы.

3. Әрбір адамның өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде, ең кем дегенде, төменде көрсетілген, толық теңдік негізінде берілетін кепілдіктерге:

a) өзіне тағылған айыптаудың сипаты мен негізі жөнінде өзі түсінетін тілде толық және дереу хабардар етілуіне;

b) қорғау шараларына дайындық жүргізуге және өзі таңдап алған қорғаушымен жүздесіп-тілдесуге мүмкіндік беріліп, жеткілікті уақытпен қамтамасыздандырылуына;

c) дәлелсіз ұстау негізінде сотталмауына;

d) өз қатысуымен сотталуға және өзін өзі дербес қорғауына немесе өзі таңдап алған қорғаушы арқылы қорғалуына: егер оның қорғаушысы жоқ болса, онда осындай құқығы бар екендігі жөнінде хабардар етіліп, қандай жағдай болмасын әділ сот мүдделері талап етсе, өзіне тағайындалған қорғаушының көмегін пайдалануына және де қорғаушының еңбегіне төлейтін жеткілікті қаражаты жоқ болса, оның көмегін

а қ ы с ы з

п а й д а л а н у ы н а ;

е) өзіне қарсы көрсетпе берген куәлардан жауап алынуына немесе осы куәлардан жауап алуды талап етуіне, сонымен қатар өзінің куәлары шақыртылуына және олардан жауап алу шарты өзіне қарсы көрсетпе берген куәлардан жауап алу шартымен бірдей б о л у ы н а ;

ф) егер сот жұмысын атқаруда пайдаланатын тілді түсінбесе, немесе сол тілде сөйлей алмаса тілмаштың көмегін ақысыз пайдалануына;

г) өз-өзіне қарсы көрсетпе беруге немесе өзін-өзі кінәлі деп мойындауға мәжбүрленбеуіне құқығы бар .

4. Кәмелетке толмағандар жайындағы іс, олардың жасы ескеріліп және қайта тәрбиеленулеріне ықпал жасайтын ықылас білдіріліп жүргізілуі тиіс.

5. Қайсыбір қылмыс үшін сотталғандардың қай-қайсысы болмасын өзінің айыпталуы және шығарылған үкім, заң бойынша жоғарғы сот инстанцияларында қайта қаралуын талап етулеріне құқықтары бар .

6. Егер қайсыбір адам қылмыстық іс жасағаны үшін ақтық шешім бойынша сотталып, одан кейін соттың қателігін даусыз дәлелдейтін қайсыбір жаңа немесе бұрын мәлім болмаған мән-жайдың негізінде шығарылған үкім бұзылса немесе оған кешірім жасалса және де жаңадан табылған жағдай кезінде мәлім болмағандығына сотталушының өзі ішінара немесе толық кінәлі еместігі дәлелденсе, онда осындай сотталудың нәтижесінде жазаланған адамға заң бойынша өтемақы төленеді.

7. Ешкім де, егер жасаған қылмысы үшін әрбір елдің заңы мен қылмыстық іс жүргізу құқығына сәйкес кезінде үзілді-кесілді сотталып немесе ақталған болса, онда осы қылмысы үшін екінші рет сотталуға немесе жазалануға тиіс емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен ҚІЖК-де сот алдында жұрттың бәрінің теңдігін және қылмыстық процестің басқа да кепілдіктерін, соның ішінде өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығын, кінәсіздік презумциясы, білікті заң көмегіне құқықты жариялайтын және қамтамасыз ететін нормалар көзделеді, бұл Пактінің нормаларына толығымен сәйкес келеді.

Заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі Қазақстан Республикасында қылмыстық (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 21-бап ) және азаматтық (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, 13-бап ) процестердің қағидаттары ретінде анықталған.

Сот төрелігіне қол жеткізу, құқық субъектісі ретінде танылу және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғануды қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында , Азаматтық іс жүргізу және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде бекітілген.

Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдар ғана сотқа жүгіну құқығынан айырылған. Бірақ сотта әрекетке қабілетсіздердің мүддесін оның қорғаншысы, камқоршысы, ресми өкілі - адвокат не прокурор білдіре алады.

Толығымен әрекетке қабілетсіз болып табылмайтын кәмелетке толмағандар сотқа



жүгіну құқығынан айырылған. Кәмелетке толмағандардың мүддесімен сотқа оның заңды өкілі не прокурор жүгіне алады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 18 жасқа толған адам кәмелетке толған деп танылады.

Азаматтық құқық қатынастарында жасы он алтыға жетсе, егер ол еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін болса немесе ата-анасының, асырап алушыларының немесе қамқоршысының келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, кәмелетке толмаған адамды толығымен әрекетке қабілетті (эмансипация) деп жариялауға рұқсат етеді. Эмансипацияланған кәмелетке толмаған адам, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ие болу үшін жас шектеуі белгіленген құқықтар мен міндеттерді қоспағанда, азаматтық құқықтарға ие болады және міндеттерді (оның ішінде өзінің зиян келтіруі салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша) мойнына а л а д ы .

Республикада сот жүйесін реформалау ойдағыдай жалғасуда. Судьяның қоғамдық мәртебесінің негіздерін, оның әлеуметтік мақсатын регламенттейтін мүлдем жаңа құқықтық база жасалды. 2000 жылы алғашқы кезектегі шаралардың қатарында атқарушы биліктің қарамағынан уәкілетті мемлекеттік органға - Жоғарғы соттың жанындағы Сот әкімшілігі комитетіне соттардың қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді беру болды. Сот төрелігінің конституциялық негіздері қол сұғылмаушылық, ауыстырмау, тәуелсіздік, соттардың тұрақты негізде тағайындалу принциптеріне негізделеді. Қазіргі кезде Қазақстанда Жоғарғы Сотты, жергілікті және заңмен бекітілетін басқа да соттарды құрайтын бірыңғай сот жүйесі жұмыс істейді. Жергілікті соттарға облыстық, аудандық және соттарға теңестірілген соттар жатады. Ауданаралық Экономикалық және әкімшілік соттарды құру тәжірибесі соттарды мамандандырудың тиімділігін көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен: 2006 жылы Алматы қаласында мамандандырылған қаржы соты, 2007 жылғы 23 тамызда - Астана және Алматы қалаларында кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған а у д а н а р а л ы қ с о т т а р құрылды .

Сот процесінің әртүрлі сатыларында істерді сотта қарау рәсімдерін регламенттеуге, сот сатылары арасындағы істердің сотта қаралуын нақтылауға, апелляциялық іс жүргізуді енгізуге және қадағалау іс жүргізуді оңайлатуға бағытталған процессуалдық заңнаманы жетілдіру сот жүйесін реформалаудағы маңызды қадам болды. Елдің қылмыстық жазаларды ырықтандыру мен ізгілендірудегі жүргізіп отырған бағыты соттарға кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ үлкен емес және ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдарға қатысты жазаларды барынша саралап қолдануға мүмкіндік берді. Бұл бас бостандығынан айырылуға сотталғандар санының едәуір қысқаруына а л ы п к е л д і .

Азаматтардың сот әділдігіне қол жеткізуі және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісі, соттарға лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану

мүмкіндігі кеңейді. Мысалы, 2007 жылдың 9 айында соттар қараған ерекше талап қойылған іс жүргізу істері бойынша:

а) әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың қаулыларына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу: шешім шығара отырып - 3603 іс қаралды, оның ішінде 2431 іс (67,5 %) талап ету қанағаттандырылды.

б) мемлекеттік билік мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздіктеріне) дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу: шешім шығара отырып 3 908 іс қаралды, оның ішінде 2328 іс (59,6 %) талап ету қанағаттандырылды.

в) нормативтік құқықтық актілерге дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу: шешім шығара отырып 11 іс қаралды, оның ішінде 7 іс (63,6 %) талап ету қанағаттандырылды.

Осылайша, соттар ерекше талап қойылған іс жүргізу тәртібімен қараған өтініштердің жартысынан көбін соттар қанағаттандырған, бұл тұтастай мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттерін сот бақылау тетігінің тиімді жұмыс істейтіндігінің дәлелі.

Қылмыстық сот ісін жүргізу рәсімін жетілдіру бәсекелестік қағидатын толық іске асыруға да, оларға тән құқық қорғау функциясын орындауға бағытталған. Осы жұмыста халықаралық тәжірибе мен зерттеулердің нәтижелері кеңінен қолданылады.

Сот ақпаратының жұртшылық үшін барынша ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Жоғарғы Соттың ресми сайтында соттардың қызметіне қатысты сот актілеріндің, нормативтік құқықтық актілердің электронды мәтіндерінің, сондай-ақ анықтама әдебиетінің бірыңғай дерекқоры құрылған және үнемі толықтырылып отырады. Жоғарғы Сот пен жергілікті соттардың материалдық және іс жүргізу құқығының ең күрделі мәселелері жөніндегі шамамен 200 мың шешімдерін қамтыған бірегей ресурсқа судьялардың ғана емес, Интернетті кез келген пайдаланушының қолы жете алады.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап " Алқабилер туралы " және " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасының заңдарында нормативтік тұрғыда бекітілген алқабилер қатысатын сот институты енгізілді. Үстіміздегі жылдың 9 айында соттар 50 адамға қатысты үкім шығара отырып 25 істі қарады, оның ішінде 4 адамға қатысты 2 ақтау үкімі, 3 сотталушыға қатысты 3 іс бойынша ішінара ақтау үкімі шығарылды. Соттардың қамауға санкция беруі енгізілді.

Бүгінде елде Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асырылуда. Тұжырымдаманы қабылдаудың өзектілігі қылмыстық сот төрелігі жүйесінде жас өспірімдермен жұмыс

істеу әдістерін өзгерту, практикада қылмыстық және азаматтық процесс шеңберінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін көбірек сақтау қажеттігінен туындады. Тұжырымдамада оның барлық кезеңдерінде кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін атқарудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік беретін ювеналды әділет элементтерін Қазақстанда кезең-кезеңмен енгізу мен дамыту көзделеді. Бұл әділет, ішкі істер, білім және ғылым органдарында, соттарға, прокуратураларда және адвокатурада кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің жұмысын жақсартуды қамтиды. Кәмелетке толмағандардың мүддесі үшін өзгеше міндеттерді шешетін мамандандырылған (ювеналды) соттар мен арнаулы әлеуметтік қызметтер маңыздысы болады.

## 15-бап

1. Ешкім де жасаған іс-әрекеті немесе жіберген қателігі негізінде, егер сол іс-әрекет жасалған кезде қолданыстағы мемлекетішілік заң тұрғысынан немесе халықаралық құқық бойынша қылмыстық іс болып саналмаса, қандай да бір қылмыстық іске кінәлі деп айыпталуына жол берілмейді. Сондай-ақ, кесілген жаза, қылмыстық іс жасалған кезде қолданылатын жазадан ауыр болмауы тиіс. Ал егер қылмыс жасалғаннан кейін сондай қылмыс үшін кесілетін жазаның түрі, бұрын қолданып жүрген түрінен гөрі, заң жүзінде жеңілдетілген болса, онда қылмыскер соңғы заң бойынша айыпталуы тиіс.

2. Осы баптағы ешбір қағида кез келген адамды кез келген іс-әрекеті немесе жасаған қателігі үшін, егер де сол іс-әрекет жасалған кезінде халықаралық қоғамдастық таныған құқық қағидаттары бойынша қылмыстық іс болып табылған болса, сот алдына келтіріп жазалауға кедергі етпейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабына сәйкес сот ісін жүргізу қағидаттарының бірі жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады деп айтылады. Егер құқық бұзушылықты жасағаннан кейін ол үшін жауаптылықтың заңмен күші жойылса немесе жеңілдетілсе жаңа заң қолданылады.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік құқықтық актінің күші оны күшіне енгізгенге дейін пайда болған қатынастарға қолданылмайды. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің кері күші оның өзінде немесе нормативтік құқықтық актіні күшіне енгізу туралы актіде көзделген, сондай-ақ кейінгісі бұрын көзделген құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті жоятын немесе жұмсартатын жағдайлар ережелеріне кірмейді.

Жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін нормативтік құқықтық актілер, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын

заңдардың кері күші болмайды.

2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тартылған азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бөлігінде заңнаманы түбегейлі өзгертетін өзгерістер енгізілді.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеу бойынша қылмыстық қудалау органдарының қызметін соттың бақылау шектері едәуір кеңейтілді, бұл ретте қамауға тек сот санкция береді, бұл халықаралық стандартқа толық көлемде жауап береді.

2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасында тек сот қамауға алуға санкция береді. Оларға бұлтартпау шарасын өзгеше қолдану мүмкін болмаған ерекше жағдайларда әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қамауға санкция беріледі. Ал кәмелетке толмағандарға қатысты заңда талап етілгендей тек ауыр және ерекше ауыр қылмыстар бойынша беріледі.

Қылмыстық істі жүргізудің барлық сатыларында қорғаушының өкілеттіктерін күшейту туралы мәселе де шешілуде және қазіргі кезде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білікті заң көмегін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасы Парламентте талқылауда жатыр.

Осы өзгерістер азаматтардың білікті заң көмегін алуға құқықтарын жария еткен Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабын іске асыруға, адвокаттардың құқықтарын кеңейтуге, процестің бәсекелестігін арттыруға бағытталған.

Қазақстанның саяси және әлеуметтік жүйесін жетілдіру кезеңінде маңызды элементтердің бірі сот реформасы болып табылады. Оның мақсаты біздің азаматтарға сот жүйесіне жақсы қол жетімділікті ұсынуға келіп саяды. Соңғы жетістіктердің аясында 2006 жылғы 16 қаңтарда қабылданған заңға негізделетін алқа билердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу енгізілді. Қоғамдық бақылау және азаматтардың қол жетімділігін жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтетін сот ісін жүргізудің осы нысаны Республикада 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады.

## **16-бап**

Әрбір адам, қай жерде жүрсе де, құқық субъектісі ретінде танылуына құқылы. Азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында құқық субъектісі ретінде танылуына Конституциямен ("Адам және азамат" 2-бөлім ) және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен кепілдік беріледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 1-тармағына сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғануды қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

Бұл тармақтың нормалары азаматтық заңнамада дамытылған. Айталық, 27 желтоқсандағы 1994 жылы қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 13-бабына сәйкес "азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті (азаматтық құқық қабілеттілігі) барлық азаматтарға бірдей деп танылады. Азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып, қайтыс болған соң т о қ т а т ы л а д ы " .

Осы Кодекстің 14-бабына сәйкес "азаматтың Қазақстан Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктенуге; мүлікті мұраға алып, мұраға қалдыруға; республика аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер таңдауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлғалар құру; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу; өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке құқықтары болады".

Бұл ретте "азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады. Заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады. Егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, барлық азаматтардың әрекет қабілеттілігі тең б о л а д ы " .

Бұдан басқа, адамның құқық субъектісі ретінде танылу құқығын іске асыру оның жеке басын куәландыратын құжатының болуымен, сондай-ақ адамның мұндай құжатты оңай, қарапайым және қандай да бір қиындықтарсыз ала білуімен, ал мемлекеттік органдардың тиісінше беруімен байланысты. Қазіргі кезде мемлекет түрлі мемлекеттік органдарда ұзақ төрешілдік рәсімдерді болдырмау мақсатында жалғыз терезе қағидатын енгізу жолымен азаматтар үшін осы рәсімді жеңілдету жөнінде тиісті шаралар қабылдауда. Осы мақсаттарда әділет органдарының жанынан заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларды, жылжымайтын мүлікті және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсететін халыққа қызмет көрсету орталықтарды құрылды және жұмыс істейді. Тиімді қызмет көрсету үшін тиісті қызмет көрсетулердің мемлекеттік стандарттарын, құжаттарды әзірлеу және беру бойынша қазіргі заманғы технологияларды енгізу бойынша шаралар қабылдануда.

## 17-бап

1. Әрбір адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше, немесе заңсыз араласуынан, өз бетінше немесе заңсыз озбырлық жасап, баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғылуынан, ар-намысы мен абырой-беделіне нұқсан келтірілуінен қорғалуы тиіс.

2. Әрбір адамның осындай озбырлық пен қол сұғушылықтан заңмен қорғалуына құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар екендігін бекітеді. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Конституцияда тұрғын үйге қол сұғылмайды деп танылады. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. Жеке өмірге қол сұқпаушылық тікелей іс жүргізу заңнамасымен қорғалады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 16-бабына сәйкес:

"Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, хат жазысудық, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар. Қылмыстық процесс барысында бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі".

Хат-хабарды тұтқындау, хабарламаларды жолдан ұстау, сөйлесулерді тындау мен жазу негіздері және тәртібі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 235 - 237-баптарында жазылған. Тексеру мен тінту жүргізу үшін тұрғын үйге кіру негіздері мен тәртібі көрсетілген Кодекстің 27 және 29-тарауларында реттелген.

Азаматтық іс жүргізу заңнамасында жеке өмірді, азаматтарды, олардың жеке және отбасы құпияларын қорғау регламенттелген. Азаматтық процесс барысында бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі

## 18-бап

1. Әрбір адамның ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінге сену немесе дінді қабылдау және наным-сенімін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке-дара немесе басқа адамдармен бірігіп тұту бостандығын, жария түрде немесе жеке жолмен уағыздау, құдайға құлшылық ету, діни және наным-сенім мен ілім салт-жораларын орындау бостандығын да қамтиды.

2. Ешкім де дінге сену немесе дін мен наным-сенімдерін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін кемітетін мәжбүрлікке ұшыратылуы тиіс емес.

3. Дінге сену немесе наным-сенімдерін тұтыну еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңмен белгіленген шектеулермен ғана шектелуі тиіс.

4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың, тиісті жағдайларда заңды қамқоршылардың, балаларына өздерінің наным-сенімдеріне сай діни және имандылық тәрбиені қамтамасыз ету бостандығын құрметтеуге міндеттенеді.

ҚР Конституциясында әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар делінген (22-б а п т ы ң 1 - т ) .

"Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" ҚР Заңының 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы, дінге деген, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштеп мәжбүр етуге жол б е р і л м е й д і .

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың өмір сүру, денсаулық қауіпсіздігін, имандылығын немесе құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында діни сенім бостандығын жүзеге асыруға және діни нанымды уағыздауға шектеулерді заңды түрде орнатуға рұқсат етеді .

Қазақстан Республикасының Конституциясымен қатар діни-сенім бостандығы мәселелері бойынша заңнамалық базаны мыналар құрайды:

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі , толықтырулар мен өзгерістермен ;

2008 жылғы 10 желтоқсандағы Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының кодексі ;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі ;

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі , толықтырулармен және өзгерістермен ;

1992 жылғы 15 қаңтардағы "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

1995 жылғы 17 сәуірдегі "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңы ;

1996 жылғы 31 маусымдағы "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

2001 жылғы 6 қаңтардағы "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

2005 жылғы 18 ақпандағы "экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

Бүгінде Қазақстанда 130-дан астам ұлттың өкілдері тұрады. Тәуелсіздік жылдары діни бірлестіктер саны алты есеге өсті. Жалпы, діни бірлестіктердің саны 671-ден 4713-ке дейін, яғни алты есеге өсті. Діни бірлестіктерге 3034-тен астам ғибадат үйлері т и е с і л і .

2004 ж. бастап әрекет ететін діни бірлестіктерді тіркеудің оңайлатылған тетігі, сондай-ақ мемлекеттің діни бірлестіктерді табысқа салық төлемдерінен және шіркеу алымдарынан босатуға бағытталған салық саясаты мемлекет аумағында тіркелген діни бірлестіктердің еркін дамуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасы посткеңестік кеңістікте діни төзімділік идеяларын жылжытуда және діни аз топтардың құқықтарын құрметтеуде көшбасшы болып табылады. Қазақстандағы конфессияаралық диалог тәжірибесін әлемдік діндер көшбасшылары, соның ішінде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екі съезі кезінде де мойындап қолдау көрсетті. Жалпы Қазақстанның діндер саласындағы мемлекеттік саясаты мынадай қағидаттарға н е г і з д е л е д і :

1. Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей. Ешбір дін немесе діни бірлестіктер басқаларға қарағанда ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды.

2. Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды.

3. Діни бірлестіктер мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының сайлауына қатыспайды. Діни сипаттағы партияларды және өзге де саяси құрылымдарды құруға, сондай-ақ діни бірлестіктердің саяси партиялар қызметіне қатысуына немесе оларға қаржы жағынан қолдау жасауына жол берілмейді. Діни бірлестіктердің қызметшілері саяси өмірге барлық азаматтармен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

4. Діни бірлестіктер заң талаптарын және хұқық тәртібін сақтауға міндетті.

5. Мемлекет дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын о р н ы қ т ы р у ғ а ж ә р д е м д е с е д і .

6. Мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа



шақырумен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестікті құруға және оның қызметіне тыйым салынады. Діни экстремизмді насихаттауға, сондай-ақ конфессияаралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

Бұл ретте мемлекеттің мемлекеттік-конфессияаралық қатынастар саласындағы саясатында басты басымдықтар әр адамның және азаматтың Қазақстанның Конституциясында кепілдік берілген және біздің еліміздің халықаралық міндеттемелерінен туындайтын діни сенім бостандығына құқықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан тарихында алғаш рет 2005 жылы уәкілетті мемлекеттік орган-Әділет министрлігінің діни істері комитеті құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысы, оның негізгі міндеті азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және әртүрлі діни сенімдер өкілдері арасында өзара түсіністік пен төзімділік ахуалын нығайту болып табылады.

## 19-бап

1. Әрбір адам өз ой-пікірін еш кедергісіз ұстануға құқылы.

2. Әрбір адам өз пікірін еркін білдіруге құқылы. Бұл құқық мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша таңдап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығын да қамтиды.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген құқықтарды қолдану ерекше міндеттер мен ерекше жауапкершілікті жүктейді. Сондықтан оларды қолдану кезінде кейбір шектеулердің кездесуі мүмкін, алайда ондай шектеулер заңмен белгіленіп және:

а) басқа тұлғалардың құқықтары мен абырой-беделін құрметтеу;

б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, жұртшылықтың денсаулығын немесе имандылығын қорғау қажеттілігінен туындауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Конституцияда сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық

астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабында шектеулер қоюдың басқа да негіздері мен шектеулердің шарттары бекітілген, ол мынаны көздейді:

"1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

2. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді...".

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы 3-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстанның Қылмыстық кодексі қарапайым азаматтардың ар-ожданы мен беделін қорғау туралы мынадай алты бапты қамтиды: 129-бап "Жала жабу"; 130-бап "Қорлау"; Қазақстан Республикасы Президентінің ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұққаны және оның қызметіне кедергі жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін 318-бап ; Депутаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұққаны және оның қызметіне кедергі жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін 319-бап ; өкімет өкілін қорлағаны үшін - 320-бап ; Судьяға, алқабиге прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтауды жүргізуші адамға, сарапшыға, сот приставына, соттың атқарушысына қатысты жала жапқаны үшін - 343-бап .

Ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік бедел сияқты мүліктік емес жеке құқықтарды, өз бейнесіне құқықты Азаматтық кодекс қорғайды. Оның бірқатар ережелері " Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған, онда азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, олар мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің ( Қазақстан Республикасының ӘҚБтК) ерекше бөліміне баспа және ақпарат саласында жауапкершілікті көздейтін 10-бап кіреді. Солардың ішінде 346-бапта , басылымдарда сот шешімін алдын ала шешу жолымен бұқаралық ақпарат құралдарымен сотқа ықпал жасағаны үшін, 348-бапта мерзімді баспа басылымдарының бақылау және міндетті даналарын берудің тәртібін бұзғаны үшін, 349-бапта темекі және алкогольдік өнімдерді

насихаттайтын теле-радиохабарлар мен жарнамалық роликтерді эфирге тарату тәртібін бұзғаны үшін және 350-бапта шығарылым деректерін жариялау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілейді. Соңғы үш бап БАҚ-тың таралымын тәркілеу және олардың шығуын 6 айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру әрі айыппұл түріндегі санкцияларды қ а р а с т ы р а д ы .

2006 жылы Қазақстан Президенті Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы бекіткен болатын Азаматтардың ақпаратқа іргелі құқықтарын қамтамасыз ету жолымен ілгерілей отыра, баспа қызметін және Интернет желісінің қазақстандық сегментін реттеу туралы заң жобасын әзірлеу тоқтатылды.

Қазіргі уақытта БАҚ-ты монополиясыздандыру жөнінде заңнамалық деңгейде нақты құқықтық тетіктер әзірленуде..

## 20-бап

1. Соғысты қандай түрде болса да насихаттауға заң тұрғысынан тыйым салынуы т и і с .

2. Ұлттық нәсілдік немесе діни өшпенділікке әкеліп соғатын, өздігінен кемсітуге, араздыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын қандай да бір үгіт жүргізуге заң тұрғысынан тыйым салынуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 13-бабы 3-тармағына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты үгіттеу немесе насихаттау, порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы радио-, телебағдарламаларды тарату, сондай-ақ кино- және бейне өнімдерді көрсету белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын ) тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі, бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насихаттап, үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады (көрсетілген заңның 25-бабы 2-1-т).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде басқыншылық соғысты жоспарлағаны, әзірлегені немесе тұтандырғаны, жүргізгені, сондай-ақ басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізгені және жария түрде шақырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделеді (Кодекстің 156, 157-баптары).

Қандай-да бір кемсітуге жол бермеу принципі жыныс, нәсілі, түр-түсі, тілі, этникалық тегі, діни сенімі негізінде немесе жоққа шығаратын немесе барлық тұлғалардың тең негіздерде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды тануға, пайдалануға немесе жүзеге асыруға нұқсан келтіретін кез-келген басқа белгілер бойынша кез-келген айырмашылыққа, жою, шектеу немесе басымдық беруге тыйым салуда көрінеді.

## 21-бап

Бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу құқығы танылады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік, немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабына сәйкес Республиканың азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Осыған қосымша Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабы белгілейді: "1. Адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін...".

Мемлекет қауіпсіздігі, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүддесіне қатысты осы құқықты пайдалану "Қазақстан Республикасында қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуді ұйымдастыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңымен шектелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу бостандығын

құқықтық реттеуге қатысты жеке нормалар "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 21 желтоқсандағы 1995 жылғы Заңында, "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 26 шілдедегі 1998 жылғы Заңында көрсетілген.

Қазақстанда бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу бостандығын реттейтін заңға тәуелді актілерге: "Қоғамдық бірлестіктермен байланыс жөніндегі ішкі істер органдары жұмысын ұйымдастыру туралы" 31 желтоқсандағы 1993 жылғы ҚР Ішкі істер министрлігінің бұйрығы; "Қоғамдық бірлестіктермен көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету бойынша ішкі істер органдары құрылымдарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы" 06.12.2000 жылғы ҚР Ішкі істер министрлігінің бұйрығы; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Тәртіпті бекіту туралы" 05.07.2002 жылғы ҚР Ішкі істер министрлігінің бұйрығы; "Бейбіт түрдегі жиналыстарды, митингілерді және пикеттерді өткізу жерлері мен қосымша тәртіпті регламенттеу туралы" 02.05.2002 жылғы Астана қаласы Мәслихатының шешімі және "Қалалық инфраструктура объектілерін тиімді қолданудың кейбір мәселелері" 29.07.2005 жылғы Алматы қаласы Мәслихаты XVII сессиясының шешімі. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексте ( 373-бап ) және ҚР Қылмыстық кодексінде ( 334-бап ) бейбіт түрдегі жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар, демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнаманы бұзғаны үшін айыппұл және 15 тәулікке әкімшілік тұтқынға және бір жылға дейін бас бостандығынан айыру санкциялары қарастырылған.

## **22-бап**

1. Әрбір адамның басқалармен бірігіп қауымдастықтар құру бостандығына, оның ішінде кәсіподақтарды құрып оларға өз мүдделерін қорғау мақсатымен кіруге құқығы бар.

2. Бұл құқықты пайдалану демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген, шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес. Осы бап бұл құқықты пайдалануда қарулы күштер құрамындағы және полицияда істейтін адамдар үшін заңды шектеулер енгізуге кедергі етпейді.

3. Осы баптағы ешбір қағида Халықаралық еңбек ұйымының қауымдастықтар бостандығы мен ұйымдасу құқығын қорғау жөніндегі 1948 жылғы конвенциясына қатысушы мемлекеттерге, аталған Конвенцияда көзделген кепілдіктерге нұқсан келтіретін заң актілерін қабылдау, немесе заңды осы кепілдіктерге нұқсан

келтіретіндей етіп пайдалану құқығын бермейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, кәсіпкерлер мен еңбекшілер олардың кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, ортақ мүліктік мүдделерді ұсыну және қорғау, еңбекті ұсыну және қорғау, еңбек жағдайын жақсарту, сондай-ақ, әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім, қайырымдылық, басқарушылық мақсатына жету үшін; азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен қақтығыстарды шешу; азаматтардың рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру және спортты дамыту; заң көмектерін көрсету, сондай-ақ, қоғамдық игіліктер мен өз мүшелерінің (қатысушыларының) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда бірлесуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабы, 2-тармағына сәйкес барлық қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 22-бабына сәйкес қызметкердің егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өз еңбек құқықтарының берілуі мен оларды қорғау үшін, кәсіподақ немесе басқа да бірлестіктер құру, сондай-ақ оларға мүшелік құқығын қоса алғанда, бірігуге құқығы бар;

"Кәсіптік одақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңына сәйкес (бұдан әрі - Заң) барлық кәсіптік одақтарға бірдей құқықтық мүмкіндік беріледі. Кәсіптік одақтарды құруға кедергі келтіру, сондай-ақ оның қызметіне қарсы әрекет жасау заң бойынша қудаланады.

Кәсіподақтарға мүше болу азаматтардың заңдарда кепілдік берілетін еңбек ету, әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарына қандай да бір шек қойылуына әкеп соқтырмайды. Қызметкердің жұмысқа қабылдануын, жұмыста жоғарылауын, сондай-ақ жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуды оның белгілі бір кәсіподақта болу, оған кіру немесе одан шығу себебімен байланыстыруға тыйым салынады (Заңның 7-бабы).

Кәсіптік одақтың заңды ұйым ретінде құқылық қабілеті ол тіркелген кезден пайда болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабы 2-тармағына сәйкес әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс. Олардың мемлекеттік органдар жүйесіндегі ерекше құқықтық мәртебесі, қызмет ерекшелігі мен қызмет түрі аталған конституциялық шектеу қажеттілігіне негіз болады. Бұл ретте, құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін азаматтық тұрғындар 1948 жылғы (N 87) "Қазақстан

Республикасының Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау жөніндегі" ХЕҰ Конвенциясында көрсетілген құқықтарды пайдаланады.

Қазақстан ратификациялаған N 87 "Қазақстан Республикасының Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау жөніндегі" Халықаралық еңбек ұйымы Конвенциясы барлық жұмысшылар мен кәсіпкерлердің қандай да болсын айырмашылықсыз өз таңдауымен оған алдын-ала рұқсат алмай-ақ ұйым құруға құқығын белгілейді. Сондай-ақ Конвенция мемлекеттік билік тарапынан қандай да бір араласусыз ұйымдар қызметінің бостандық кепілін анықтайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 110-бабына сәйкес заңды тұлғалар қауымдастыққа (одақтарға) өз еркімен біріге алады. Қазақстан Республикасындағы кәсіподақтар бірлестігінің мүддесін негізгі мақсаты - еңбекшілердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасының Кәсіподақ Федерациясы, Қазақстан Еңбек Конфедерациясы, Еркін кәсіподақ Конфедерациясы б і л д і р е д і .

Қазақстан Республикасының Кәсіподақ Федерациясы, Еркін кәсіподақтар конфедерациясы, Қазақстанның Еңбек Конфедерациясы ұйымдық құрылым болып табылады және қызметкерлердің құқықтарын қорғау үшін жеткілікті құзыретке ие, мемлекеттік органдарда, қоғамдық және өзге де ұйымдарда, соның ішінде, шетелдік ұйымдарда өкілдікті жүзеге асырады, қызметкерлердің мүддесіне орай өз бірлестіктерінің мүшелеріне практикалық және консультациялық көмектерін көрсетеді.

Еңбек кодексінің 1-бабы 8) тармақшасына сәйкес бас, салалық (тарифтік), өңірлік келісім (бұдан әрі - келісім) - әлеуметтік әріптестік тараптарының арасында жасалатын, келісімнің мазмұнын және республикалық, салалық және өңірлік деңгейлерде қызметкерлер үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамту және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі тараптардың міндеттемелерін айқындайтын құқықтық акт;

Республикалық деңгейде Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері мен қызметкерлердің республикалық бірлестіктері арасында Бас келісім жасалады. Салалық деңгейде тиісті атқарушы органдар, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілетті өкілдері арасында салалық келісімдер жасалады. Өңірлік деңгейде жергілікті атқарушы органдар және жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілетті өкілдері арасында өңірлік (облыстық, қалалық, аудандық) келісімдер жасалады (Еңбек кодексі 275-бабы).

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңмен 1948 жылғы " Қазақстан Республикасының Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау жөніндегі" Конвенцияны ратификациялады. Конвенцияның ережелеріне сәйкес жұмысшылар мен кәсіпкерлердің қандай да болсын айырмашылықсыз өз таңдауымен оған алдын-ала рұқсат алмай-ақ ұйым құруға, сондай-ақ жалғыз соңғысының жарғыларына бағыну шартымен осындай ұйымдарға кіруге құқықтары бар.

Демократиялық өзгерістердің жарқын көріністерінің бірі еліміздің азаматтарының мақсаты мен міндеттерін дербес анықтап, оларды іске асыру жолдарын іздеуді дербес жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) - азаматтардың көптеген ерікті бірлестіктерінің қарқындап өсуінен көрінетін белсенділігі болып табылады. "үкіметтік емес ұйым" ұғымы "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі заңында бекітілген.

Бүгінгі күні ҰЕҰ тұрақты топтары әртүрлі бағыттар бойынша нақты қалыптасқан:

|  |   |      |
|--|---|------|
| Әскери-патриоттық ұйымдар                    | - | 4%;  |
| Балалар және жастар ұйымдары                 | - | 14%; |
| Әйелдер және гендерлік ұйымдар               | - | 8%;  |
| Сауықтыру-алдын-алу бағытындағы ұйымдар      | - | 7%;  |
| Ғылыми-білім беру ұйымдары                   | - | 8%;  |
| Мәдениет және өнер ұйымдары                  | - | 8%;  |
| Мүгедектерді қолдау ұйымдары                 | - | 7%;  |
| Қоғамдық бастамаларды қолдау ұйымдары        | - | 10%; |
| Бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту ұйымдары | - | 2%;  |
| Әлеуметтік қорғау ұйымдары                   | - | 9%;  |
| Құқық қорғау ұйымдары                        | - | 7%;  |
| Спорттық ұйымдар                             | - | 10%; |
| Экологиялық ұйымдар                          | - | 6%;  |

2007 жылдың басында республикада 5820 ҰЕҰ тіркелген.

Үкіметтік емес секторда жалпы алғанда шамамен 200 мың адам тартылған. Тұрақты негізде шамамен 40 мың адам, ал уақытша - 50 мыңға дейін адам, ерікті (волонтерлік) негізде - 100 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Мемлекет бүгінде ҰЕҰ проблемаларын мақсатқа сай шешеді. Ең алдымен ҰЕҰ қызметін заңнамалық қамтамасыз ету мәселесі қаралды. 2001 жылы "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңы қабылданды, ол қоғамдық процестердегі коммерциялық емес ұйымдардың рөлі мен орнын тануда нақты қадамға айналды.

Нормативтік құқықтық актілердің бірқатары ҰЕҰ ықпалды қолдауға бағытталған. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде коммерциялық ұйымдар үшін салық бойынша жеңілдіктер көзделген.

2006 жылы Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды, ол толығымен азаматтық бастамаларды, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарды дамытуға бағытталған.



1. Отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы.

2. Неке жасына толған ер азаматтар мен әйелдер некеге тұруға және отбасын құруға құқылы екендіктері танылады.

3. Бірде бір неке, некеге тұратын екі жақтың өзара еркін және толық келісімдерінсіз қиылмайды.

4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер некені қию, некелі болу уақытында және некені бұзған кезде ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін қамтамасыз ететін тиісті шаралар қабылдауға тиіс. Неке бұзылған жағдайда балалардың бәріне тиісті қорғау шаралары көзделуі қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңдары: еркек пен әйелдің некелі одағының еріктілігі; ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі; отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік; отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу; балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық жасау; отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабылетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру; отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері; отбасының барлық мүшелерін салауатты тұрмыс салтына ынталандыру принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылған неке ғана танылады. Некеге тұруы кезінде және отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тіл немесе діни белгілері бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады.

Азаматтардың неке-отбасы қатынастарындағы құқықтары тек заң негізінде және отбасы мүшелері мен өзге де азаматтардың денсаулығын, адамгершілігін, құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, сондай шамада ғана шектелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 56 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Комиссия қызметі міндеттернің бірі: экономикалық салада гендерлік теңдікке қол жеткізуге, әйелдер арасында кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға, еңбек нарығында әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға; еңбек қызметін үй шаруасы міндеттерімен және бала тәрбиесімен ұштастыру жөнінде

отбасы мүшелеріне жағдай жасауға; отбасы институтын нығайтуға, отбасы қарым-қатынастарында гендерлік теңдікке қол жеткізуге; ерлердің, әйелдер мен балалардың денсаулығын, оның ішінде ұрпақты болу денсаулығын сақтау мен бекемдеу, өмір сүру деңгейін арттыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге; отбасындағы және жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықты түбірімен жоюға және ерлерге, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесін енгізуге; халыққа гендерлік білім беру мен оқу-ағартуға, қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі отбасының, гендерлік теңдіктің нақты жағдайын талдау мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге, ақпараттық базаны қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

## 24-бап

1. Әрбір бала нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік немесе туу жағдаяттарына қарамастан, ешқандай кемсітусіз отбасы, қоғам және мемлекет тарапынан, өзінің жас шамасы талап ететін тиісті қорғау шараларын иеленуге құқылы.

2. Әрбір бала туғаннан кейін дереу тіркеуден өткізіліп, есімі қойылуы тиіс.

3. Әрбір бала азаматтық алуға құқылы.

Конституцияға сәйкес баланы, Қазақстан Республикасының кез келген азаматы сияқты нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік немесе туу жағдаяттарына қарамастан, ешқандай кемсітуге болмайды. Ұлттық заңнама баланы отбасында, қоғамда және мемлекетте қорғауды көздейді.

"Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңға сәйкес балалардың тууын тіркеу баланың туған жері бойынша немесе ата-анасының не олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша жүргізіледі. Әкесі қайтыс болғаннан кейін немесе неке бұзылғаннан кейін, тастанды және тауып алынған, сондай-ақ, медициналық мекемелерде ата-аналары туған кезде бас тартқан кез келген бала тіркеуге жатады. Азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, сондай-ақ, елі туған бала мен өмірінің алғашқы аптасында шетінеген бала тіркеледі. Ата-аналар немесе басқа да осыған уәкілетті адамдар туу туралы арызды азаматтық хал актілерін жазу органдарында бала туған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, ал бала өлі туған жағдайда - бес тәулік ішінде жасауы тиіс.

"Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңның 55-бабында және "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңның 9-бабында баланың аты, әкесінің аты және тегін алуға, оның даралық ерекшелікке құқығы белгіленген. Балаға ата-анасының келісімі бойынша ат қойылады, аты-жөні әкесінің аты бойынша, ал тегі ата-анасының тегімен айқындалады. Ата-анасының тегі әртүрлі болған жағдайда балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегі

беріледі. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңның 11-бабына сәйкес бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан немесе 12-бапқа сәйкес бала туған кезде ата-аналарының біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда баланың азаматтығы анықталады. Ата-анасының екеуі де белгісіз Қазақстан Республикасы аумағындағы баланың азаматтығы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрғылықты жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы аумағында туған баласы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Қамқоршы белгіленген бала немесе оны асырап алған ретте Қазақстан Республикасының азаматтығын өзі кәмелетке толғанға дейін сақтайды.

Бала құқығы және оны отбасы, қоғам және мемлекет тарапынан қорғау шаралары "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Неке және отбасы туралы", "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы", "Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы", "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көрініс тапқан.

Конституцияға сәйкес балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

Отбасынан айырылған балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті органдар мен Ұйымдардың міндеттері Азаматтық кодексте, "Неке және отбасы туралы", "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы", "Бала құқықтары туралы", "Азаматтық туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген.

Баланың атын, ұлтын және азаматтығын алу құқығы "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңда көрсетілген.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ата-анасы болмаған жағдайда, оларды ата-ана құқығынан айырған жағдайда және ата-ана қамқорлығынан айырылудың басқа да жағдайларында баланың отбасында тәрбиелену құқығын осы Заңның заңнамада белгіленген тәртіппен қорғаншы және қамқоршы орган қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта республикада 159 мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдары бар, онда 14 мың 799 баланың тұруы және тәрбиеленуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Алайда, психологтар мен педагогтардың көптеген зерттеулері баланы интернаттық үлгідегі мекемеге орналастыру оның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етпейді, бұл өз кезегінде, баланың жеке қабілетінің бұзылуына әкеледі. Интернаттық мекеме жағдайында баланың әлеуметтік дамуы, әдеттегідей, отбасының, жақын адамдарының және достарының жоқтығынан шектеледі. Жетімдер ата-анасының әрекетіне қарап, өз мінез-құлқын түзеу мүмкіндігінен бала кезінен айырылған. Сондықтан да балалар үйіндегі және интернаттардағы бір жақты

ғана ортада болу осы балаларда төмендетілген өмірлік стандарттарды қалыптастырады.

Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін отбасы жағдайына барынша жақындату мақсатында балалар үйлері мен интернат мекемелерін институционалдандыру, оларды ықшамдау жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде отбасы үлгісінде жұмыс істейтін балалар үйінде балалар 8-10 адамнан құралған, өзара туыстық қатынастармен, бауырмалдықпен және достықпен байланысқан топтарда тұрады.

159 ұйымның ішінде отбасы жағдайының негізгі келбеті мен ерекшеліктері тән 6 отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, 3 SOS-Балалар қалашықтары, 25 отбасы үлгісіндегі балалар үйі жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-демографиялық саясатының негізгі міндеттерінің бірі бүгінде интернаттық мекемелерде тәрбиеленетін балалардың санын азайту болып табылады.

Мемлекеттің қолдауын қажет ететін балаларға баламалы қарау қорғаншылық, қамқоршылық, патронат, асырап алу негізінде отбасылардың асырап алуымен жүзеге асырылады. Олардың негізгі мақсаты ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларды туған отбасында тіршілік жағдайымен қамтамасыз ету болып табылады. Тәрбилеудің осындай нысанын белсенді дамыту балаларды әлеуметтендіру және қазіргі заманғы қоғамға олардың еркін кірігу проблемасын шешуге мүмкіндік береді, ол осы балалардың бұдан арғы өміріне оң ықпал етеді.

Талдау көрсеткендей, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың басым көпшілігі қорғаншылық пен қамқорлықта. Қазіргі уақытта 31305 бала қорғаншылар мен қамқоршыларда тәрбиеленуде.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық тәрбиелеудің жаңа нысандарын дамыту үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы N 306 "Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу ережесін бекіту туралы" қаулысы қабылданды.

Қазіргі уақытта патронат отбасыларда 1791 бала тұрады. Патронаттың басты басымдығы сол бала отбасының түсе отырып, толық күтімге, қамқорлыққа ие болады, отбасында тұрудың белгілі бір тәжірибесін, дербес өмір сүрудің дағдыларына ие болады.

Бұл нысан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көптеген балалардың бұдан арғы тағдырын нақты жоспарлауға мүмкіндік береді, кейіннен патронат тәрбиешілердің асырап алуының алғы шарты болып табылады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың баламалы нысандарының бірі асырап алу болып табылады. Асырап алудың негізгі мақсаты ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың туған отбасындағы жағдаймен

қамтамасыз ету болып табылады.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы қабылданған сәттен бастап 28 038 жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар асырап алынған.

Балалар құқықтарын қорғау және ынталандыру - балалар халықтың ерекше тобы болып табылатындықтан Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің маңызды басым бағыты. Оның маңыздылығы ана мен бала туралы 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясының, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің, 1966 жылғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің, 1989 жылғы Бала құқығы туралы конвенцияның, сондай-ақ балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерімен айналысатын мамандандырылған мекемелер мен халықаралық Ұйымдардың жарғылары мен тиісті құжаттарының нормаларымен анықталған.

Осы баптың ережелерін іске асыру жөніндегі Республиканың неғұрлым толық есебі Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндамада ұсынылған.

Қазіргі уақытта Парламент депутаттары "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодекстің жаңа жобасын талқылауда.

## **25-бап**

Әрбір азамат 2-баптағы айтылған қандай да болсын кемсітушілікке және негізсіз шектеуге ұшырамай:

а) тікелей өзі, сондай-ақ ерікті түрде сайланған өкілдері арқылы, мемлекет ісін жүргізуге қатысу;

б) сайлаушылардың еркін білдіру бостандығын қамтамасыз ететін жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде өткізілетін шынайы мерзімді сайлауда дауыс беру және өзі сайлану;

с) жалпыға бірдей теңдік шарты бойынша өз елінде мемлекеттік қызметке орналасу құқығы мен мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Бұл қағидат Қазақстан Республикасының Конституциясында және "Сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында бекітілген.

Президентті, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын, Республиканың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары (бұдан әрі - Сенат депутаттары) жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады.

Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты

сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

Егер дауыс беруге таңдаушылардың елу процентінен астамы қатысса, Сенатқа сайлау өткізілді деп есептеледі

Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.

Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінен жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің соңғы сайлауы теңдесі жоқ ақпараттық ашықтығымен, рәсімдік айқындылығы және тазалығымен сипатталады. Бұл электоральді процестердің барлығына қатысты; партиялық тізімдерді тіркеу, сайлау бюллетендеріндегі кезектілікті қамтамасыз ету, партиялардың мемлекеттік БАҚ тең қол жетімділігі, Ақпараттық аулар кеңесі, Сайлауды бақылау комитеті тәрізді құрылымдардың айқындылықты сақтау жөніндегі жұмысы және т.б.

2007 жылғы 19 маусымдағы Конституциялық заңмен саяси партиялардың, Қазақстан Республикасы коммерциялық Ұйымдары байқаушыларының, сондай-ақ шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің мәртебесін реттеу бөлігінде нақтылаулар енгізілген.

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік қызметке кіру кезінде жынысына, нәсіліне, қай ұлтқа жататынына, тіліне, әлеуметтік тегіне, мүліктік жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге қатынасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына және кез келген өзге де мән-жайларға қарай қандай да болсын тікелей немесе жанама шектеулер белгілеуге жол берілмейді (12-бап)

## 26-бап

Барлық адамдар заң алдында тең және қандай да болсын кемсітуге ұшырамай, заңмен тең қорғалуға құқылы. Бұл орайда кемсітудің қандай түріне болса да, заң тұрғысынан тыйым салынады және заңда барлық адамдар, қандай да бір белгісіне, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық және әлеуметтік тегіне, мүліктік жағдайына, туу және басқа жағдаяттарына қарамастан кемсітуден тең және тиімді түрде қорғалатынына кепілдік берілуі тиіс.

Конституцияның 14-бабы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығын бекітеді.

Осы конституциялық қағидат азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізуде іске асырылады.

Азаматтық іс жүргізу кодексі заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екендігін белгілейді. Бұл ретте сот ісі мемлекеттік және басқа тілдерде де жүзеге асуы мүмкін, ол Кодекстің 14-бабында бекітілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде де қылмыстық сот ісін жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері бойынша немесе өзге де кез келген мән-жайлар бойынша қандай да болсын кемсітушілікке тыйым салынатындығы бекітілген.

Қылмыстық Кодекстің 141-бабы өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған дәл сол әрекет үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді.

## **27-бап**

Этникалық, діни және тіл азшылығы бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтыну, дінінің салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік және егемендік алған сәтінен бастап демократиялық мемлекет құруға, әлеуметтік серіктестікті және азаматтық келісімді, саяси және ұлтаралық тұрақтылықты қамтамасыз етуде нық бағдар алды.

Қазақстан халықтарының тілдерін дамыту туралы қамқорлық мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілді және ұлттық саясаттың құрамды бөлігі болып табылады.

2001 жылдан бастап тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Оны әзірлеудің негізі Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптары, 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы N 3186 өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 4106 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы болды.

Осы бағдарламаларды әзірлеу мемлекеттік биліктің барлық тармақтарымен және жалпы қоғамның Қазақстанда оңтайлы функционалды-лингвистикалық кеңістік жасау үшін нысаналы дәйекті қызметін жүзеге асыру жөнінде бірыңғай стратегияны дайындау қажеттігіне негізделген.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына республиканың білім беру ұйымдарында ұлттық топтардың ана тілін меңгеру құқықтарын іске асыру негізгі қағидаларының бірі орындалады.

2003 - 2004 оқу жылында республика мектептерінің 2980 мың оқушысы ана тілінде: 20,3 мыңы (0,7 пайыз) - ұйғыр, 86,4 мыңы (2,9 пайыз) - өзбек, 2,9 мыңы (0,09 пайыз) - тәжік, 165 мыңы - украин тілінде оқыды.

2005 - 2006 оқу жылында 2778077 оқушының 1 594019-ы - қазақ тілінде, 1 07971-і - орыс тілінде, 17525-і - ұйғыр тілінде, 82974-і - өзбек, 3225-і - тәжік, 178-і - украин, 485-і - неміс тілінде білім алуда.

2003 - 2004 оқу жылында республиканың 129 жалпы білім беретін мектебінде 17533 оқушы жеке пән ретінде 12 ана тілін: неміс - 400 адам, поляк - 1895 адам, украин - 165, корей - 463, дұнған - 6673, татар - 357, түрік - 6012, шешен - 145, әзірбайжан - 212 адам, курд - 815, ұйғыр - 336, грек тілін - 60 оқушы оқыды.

2005 - 2006 оқу жылында республиканың 119 жалпы білім беретін мектебінде 17150 оқушы жеке пән ретінде 16 ана тілін: неміс - 277 оқушы, поляк - 1830 оқушы, корей - 444, дұнған - 7154, татар - 503, түрік - 4936, әзірбайжан - 430, курд - 962, ұйғыр - 257, шешен - 199, грек - 60, армян - 25, иврит - 40, белорус - 10, тәжік - 15, украин - 8 оқушы оқыды.

59 жексенбілік мектепте факультативті немесе үйірмелерде ана тілін 2597 оқушы оқиды: неміс - 644, корей - 322, иврит - 173, татар - 244, поляк - 327, украин - 169, армян - 92, грек - 45, әзірбайжан - 99, шешен - 85, белорус - 63, қазақтардың диалектісі - 46, чуваш - 28, болгар - 25, қазақ - 120, орыс - 53, парсы (иран) - 20, дағыстан - 15, тәжік - 14, чех - 13 оқушы.

Республикада діни және этникалық төзімділік дәстүрлі түрде жоғары болып қалып отыр. Республикадағы ұлтаралық қатынастар жеткілікті түрде тұрақты дамуда, ал туындап жатқан мәселелер өркениетті нысанда шешілуде. Өз ұлтының мүддесін күйттеу емес, ұлтаралық қатынастардың адамгершілік, құқықтық негіздерін нығайту бұлардың игіліктерінің тәсілі болып табылатынын неғұрлым жіті түсінушілік үрдісі байқалуда.

Демократиялық қоғам құру процесінде мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастар түбегейлі түрде өзгерді. Қазақстан Республикасының Конституциясына және 1992 жылы қабылданған "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дінге сенушілер өздерінің жалпы адами және азаматтық құқықтары мен міндеттерін шектеуге ұшырамай, дінді еркін ұстануға мүмкіндік алды.

Қазақстанда тәуелсіздіктің 15 жылы ішінде діни институттар саны мен сапасы өсуі едәуір өсті. Айталық католиктік діни бірлестіктер саны екі есеге (42-ден 86-ға дейін), протестанттық үш есеге (457-ден 1272-ге дейін), қазақстан үшін жаңа конфессия үш есеге (14-тен 49-ға дейін) өскен. Жалпы діни бірлестіктердің саны 671-ден 4173-ке дейін, яғни 6 еседен астам өскен. Республикадағы этникааралық қатынастарды дамытуда маңызды қадам - рухани бірлік идеяларын қалыптасыру және тарату міндеттерін шешу, халықтар достығы, ұлтаралық келісімді нығайту және сақтау,



этникааралық қатынастар саласында теріс үрдістерді ескерту мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясын құру және қызметі болды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК